ЕКІБАСТҰЗ

# ХРОНОГРАФ ЭКИБАСТУЗА

1957-2017

ЭКИБАСТУЗ

# Екібастұз шежіресі

# Хронограф Экибастуза

## 1957-2017

Экибастуз, 2017

УДК 908
ББК 26.89
Х 94

Составитель Жумагали Сейтенов

Х 94 Авторы текстов И. Федотов, Э. Соколкин, С. Джаксыбаев, А. Аксенова, К. Алдабаев, Е. Аубакиров, Е. Гордеева, М. Искакова, Г. Никифорова, Г. Каламбаева, А. Кузнецова, Б. Куспеков, А. Медведев, Ш. Мусин, З. Нуркенова, С. Ордабаева, С. Рамазанов, Ж. Сейтенов, Ж. Хамитова, Б. Шаймерденов, Е. Щебетун

ХРОНОГРАФ ЭКИБАСТУЗА. 2017 - 458 стр.

Книга посвящена 60-летию со дня присвоения Экибастузу статуса города 12 июня 1957 года. В ней в хронологическом порядке рассказывается об основных событиях в жизни Экибастуза за 60 лет.
Книга предназначена для тех, кому интересна история родного края.

Издано по заказу ОО «За будущее Экибастуза»

**УДК 908**
**ББК 26.89**

ISBN 978-601-7908-25-6

© ИП Сейтенова Г.Ж., 2017

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ

# УКАЗЫ

# УКАЗ

## ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ССР

О преобразовании рабочего поселка Экибастузуголь Баян-Аульского района Павлодарской области в город областного подчинения

Преобразовать рабочий поселок Экибастузуголь Баян-Аульского района Павлодарской области в город областного подчинения, присвоив ему наименование - город Экибастуз.

Заместитель Председателя
Президиума Верховного Совета
Казахской ССР - К.КРЮКОВА.

И.о. Секретаря
Президиума Верховного Совета
Казахской ССР
([illegible])

г.Алма-Ата
12 июня 1957г.

## *Құрметті Екібастұз қаласының тұрғындары мен қонақтары!*



*Сіздерді Екібастұздың 60 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!*

*Екібастұз – ерекше қала, энергетиктер мен шахтерлердің өңірі.*

*Кенді қала Павлодар облысының ғана емес, Тәуелсіз Қазақстанымыздың қалыптасуында да өзіндік із қалдырды!*

*Екібастұздың Кеңестік билік кезінде де айрықша қала болғаны, сол дәуірдің өзінде оның даңқы КСРО-нан тыс жерлерге жеткені біздің есімізде.*

*Біздің қала – көмір кен орнын ашқан Қ. Пішенбаевтың, алғашқы Социалистік Еңбек Ері М. И. Возныйдың, сондай-ақ «Богатырь» кенішінің тұңғыш директоры С. П. Куржейдің Отаны. Біз оларды мақтан тұтып,әрдайым үлгі етеміз.*

*Еңсемі қалада өсіп келе жатқан жас ұрпақ та мақтауға лайық. Олар зияткерлік жарыстарда жеңіске жетіп, шығармашылық шыңдарға шығып, спортшыларымыз болса халықаралық ареналарда Қазақстанның көк байрағын желбіретуде!*

*Екібастұз – бірегей ресурстар қаласы.*

*Қазір ол қарқынды дамуға бет алған, әлеуеті зор, дәстүрге берік, жаңашыл да көркем қала. Толағай табыстар мен жеңістердің шам шаһары!*

*Құрметті екібастұздықтар! Шын жүректен сүйікті шаһарымыздың әр тұрғынына мықты денсаулық, бақыт пен береке тілеймін. Отанымыз Қазақстан мен Екібастұздың бұдан әрі дамуы жолындағы еңбектеріңіз жанып, жаңа табыстар мен жеңістерге жетіңіздер!*

***Екібастұз қаласының әкімі Қ. Т. Нүкенов***

---

## *Уважаемые жители и гости города Экибастуза!*

*Примите мои самые искренние поздравления с 60-летним юбилеем города!*

*Экибастуз – это особый город, регион энергетиков и шахтеров, оставивший собственный след в становлении не только Павлодарской области, но и всего нашего независимого Казахстана! Мы помним, что Экибастуз и в период Советской власти считался особым городом, шахтерская слава о котором была известна далеко за пределами СССР.*

*Наш город – это Родина таких великих людей, как первооткрыватель угольного месторождения К. Пшенбаев, первый Герой Социалистического Труда М. И. Возный и, конечно же, первый директор разреза «Богатырь» С. П. Куржей. Нам есть, кем гордиться, примеру кого подражать!*

*Подрастающее поколение радует нас своими успехами на интеллектуальном и творческом олимпах, спортсмены поднимают флаг Казахстана на международных аренах!*

*Сейчас Экибастуз - развивающийся, энергичный и яркий город, открытый новым веяниям и почитающий традиции прошлого. Город побед и достижений, уникальных ресурсов!*

*Дорогие экибастузцы! От всей души желаю каждому жителю нашего любимого города крепкого здоровья, счастья и благополучия, новых свершений и побед во благо дальнейшего расцвета Экибастуза и всего Казахстана!*

***К. Т. Нукенов, аким города Экибастуза.***

1957 жылдың басында Екібастұзда жалпы ауданы 100000 ш.м.-ге жуық 550-ден аса тұрғын-үй, сондай-ақ 606 жер үй, 33 білім беру және мәдениет мекемесі, оның ішінде 800 оқушыға лайықталған 2 жалпы білім беретін мектеп, 280 оқушыға арналған теміржол мектебі, бастауыш және музыкалық мектептер, 700 тұрғынға шақталған 3 мәдениет ошағы, 176 бөбекке арналған 3 ясли-бақша, 175 орындық екі балабақша, 110 адамға лайықталған аурухана, перзентхана, емхана, екі амбулатория, екі монша, екі наубайхана, 16-дан аса дүкен, екі кітап дүкені, жеті асхана болды.

Тұрғындарға ауыз-су ұңғымадан жеткізіліп тұрды, бұл кезде Қалқаман арқылы тартылған жалпы қашықтығы 53 шақырым болатын Ертіс су құбыры құрылысы аяқталып та қалған еді. 1957 жылдың басында құбырдың 20 шақырымы пайдалануға беріліп, екі қабатты үйлерге су таратқыш тартылды, өзге үйлер қажеті үшін 24 колонка орнатылды. Кәріз жүйесі, қаланы көгалдандыру, жолдарды асфальттау жұмыстары басталды. Кентте электр қуаты, радио, сондай-ақ телефон мен телеграф болды.

К началу 1957 года в Экибастузе насчитывалось более 550 государственных, ведомственных, жилых домов, общая площадь которых составляла около 100000 кв. м, а также 606 частных домов, 33 учреждения образования и культуры, среди которых 2 общеобразовательные школы на 800 учеников, железнодорожная школа на 280 учеников, начальная и музыкальная школы, 3 клуба вместимостью до 700 человек, 3 ясли-сада на 176 детей, два детсада на 175 малышей, больница вместимостью до 110 человек и Железнодорожная больница (ЛБ-18) на 20 мест, родильный дом, поликлиника, две амбулатории, две бани, две пекарни, более 16 магазинов, два магазина книг, семь столовых.

Воду население получало из скважин, уже завершалось строительство Иртышского водопровода общей длиной 53 км из Калкамана. На начало 1957 года было уже готово 20 км водопровода, подведенного к двухэтажкам, для нужд прочих домов было установлено 24 колонки. Начались работы по сооружению канализации, асфальтированию дорог, озеленению. В поселке было электричество и радио, а также телефон и телеграф.

ххх

1957 жылы Екібастұзда 25 мың тұрғын болды. 3-Школьный шолақ көшесі бойында жалғыз пошта бөлімшесі болып, шаһар бойынша жеті-ақ пошта жәшігі жұмыс істеді.

ххх

В 1957 году Экибастуз насчитывал 25 тысяч жителей. В Экибастузе было всего одно почтовое отделение в районе 3-й Школьной улицы и 7 почтовых ящиков на весь город.

ххх

1957 жылы 197-ҚМК қызметкерлері қаланың солтүстігінде жеке кент тұрғызды.

ххх

В 1957 году работники СМП-197 воздвигли собственный поселок в северной части города.

xxx

Екібастұзуголь кенті қала мәртебесіне ие болып, Екібастұз деп аталғанда, қалада денсаулық сақтау бөлімі ұйымдастырылды. Оның бірінші меңгерушісі болып Иғанат Шапағатұлы Шапағатов тағайындалды. Осы лауазымда ол 1970 жылға дейін жұмыс істеді.

Емханалық қызмет орталық емхана мен Солтүстік кентте, 131 квартал мен 3-Школьный шолақ көшесінде орналасқан үш амбулаториядан құралды. Емханалық қызметті З. Ж. Каирлапова басқарды.

xxx

Когда поселок Экибастузуголь получил статус города и стал называться Экибастузом, тогда же и был организован городской отдел здравоохранения. Его первым заведующим был назначен Иганат Шапагатович Шапагатов. В этой должности он работал до 1970 года.

Поликлиническая служба состояла из центральной поликлиники и трех амбулаторий, которые располагались в приспособленных зданиях в Северном поселке, на 131 квартале и на 3-ей Школьной. Руководила поликлинической службой З. Ж. Каирлапова.

xxx

Теміржол клубының музыкалық жетекшісі А.Т.Шейко Мәскеуде өтетін Жастар мен студенттердің бүкіләлемдік фестиваліне делегат болып сайланды.

xxx

Шейко А. Т. – музыкальный руководитель Железнодорожного клуба избран делегатом на Всемирный фестиваль студентов и молодежи в Москве.

xxx

1957 жылы Екібастұзда екі-ақ автобус маршруты болды. Біріншісі 140-кварталдан ӘТК-дейін мына аялдамалар арқылы жүретін: 145 квартал, 140 квартал, №6 асхана, АӨК, поссовет, 2-школьный, жастар клубы, Соцқалашық, ТСК базасы, теміржол кенті, сапаржай және ӘТК.

Екіншісі – АӨК-ынан ӘТК-ге дейін келесі аялдамалар арқылы жүрді: АӨК, поссовет, 2-ші Школьный, жастар клубы, Соцқалашық, аурухана, 68 квартал, балықтоңазытқышы, сапаржай және ӘТК. Маршрутқа 3-6 автобус шығатын, сондай-ақ кешкі 7-ден түнгі 1-ге дейін кезекші автобус жүрді. 3 айдан соң қаладағы автобус тасымалы 4 маршрут бойынша жүргізіле бастады.

xxx

В Экибастузе в 1957-ом году было два автобусных маршрута. Первый – со 140 квартала до АБК по следующим остановкам: 145 квартал, 140 квартал, столовая № 6, ДОК, поссовет, 2-я Школьная, клуб Комсомольский, Соцгород, база КТС, железнодорожный поселок, вокзал и АБК.

Второй – с ДОКа до АБК по таким остановкам: ДОК, поссовет, 2-я Школьная, клуб Комсомольский, Соцгород, больница, 68 квартал, рыбохолодильник, вокзал и АБК.

На маршрутах находилось от 3 до 6 автобусов, дежурный автобус – с 7 часов вечера до 1 часа ночи. Через 3 месяца в городе автобусные перевозки осуществляли уже 4 автобусных маршрута.

xxx

1957 жылы Екібастұзда теміржол вокзалы салынды.

xxx

В 1957 году построено здание железнодорожного вокзала в Экибастузе.

xxx

1957 жылы Екібастұз қала мәртебесіне ие болған соң, өңірде байланыстың қалыптасуы мен дамуының жаңа кезеңі басталды. Екібастұздың төртінші санаттық байланыс кеңсесінің бірінші басшысы В. И. Байжанов болды, кейіннен ол осы салаға еңбегі сіңген қызметкер атанды. Алғашқы телефоншылардың да есімі белгілі. Олар: Ю. Шмырева, Л. Миганович, Е. Федоренко, Л. Яновская, Т. Стоценко, Е. Мороз. Жас кеншілер қаласында радиоторап та жұмыс істеді. Онда Л. Кравченко, А.Чаус еңбектенді. Аға электромеханик И. Чаус радиоторап басшысы қызметін атқарды.

xxx

Новая веха в становлении и развитии связи в регионе началась в 1957 году, когда Экибастуз получил статус города. Первым начальником Экибастузской конторы связи четвертого класса был В. И. Байжанов, впоследствии ставший заслуженным работником отрасли. Известны и имена первых телефонисток. Это Ю. Шмырева, Л. Миганович, Е. Федоренко, Л. Яновская, Т. Стоценко, Е. Мороз. В молодом горняцком городке работал также и радиоузел, его обслуживали Л. Кравченко, А. Чаус. Начальником радиоузла был старший электромеханик И. Чаус.

## НАУРЫЗ

«Иртышуголь» тресінің құрамында Северный кен аршу кеніші құрылды (директоры П.Н.Двоеглазов, бас инженері В. Д. Баскин).

## МАРТ

В составе треста «Иртышуголь» образован Северный вскрышной разрез (директор П. Н. Двоеглазов, главный инженер В. Д. Баскин).

## СӘУІР

1957 жылы 12 сәуірде «Карагандауголь» комбинаты бұйрығымен «Иртышуголь» тресінің құрамында жаңа кәсіпорын – «Энергоуправление» құрылды. Алғашқы жылдың соңында жаңа кәсіпорынның энергоцех, Екібастұз су құбыры учаскесі, Қалқаман локомобильді электр стансасы, басқару аппараты бөлімшелерінде 238 адам жұмыс істеді.

## АПРЕЛЬ

12 апреля 1957 года приказом по комбинату «Карагандауголь» в составе треста «Иртышуголь» создается новое предприятие – «Энергоуправление». К концу первого года работы на предприятии уже трудились 238 человек в подразделениях: энергоцех, экибастузский водопроводный участок, калкаманская локомобильная электрическая станция, аппарат управления.

xxx

№1 Ертіс көмір кенішінің ТКБ дербес кәсіпорын құқы негізінде «Иртышуголь» тресінің құрамына енді. «Иртышуголь» тресінің ТКБ-не (бастығы Н. Д. Дәлдібеков, бас инженері К.М.Мұқашев) Екібастұздағы барлық тұрғын-үй шаруашылығына басшылық жасау міндеті тапсырылды.

xxx

ЖКО Иртышского угольного разреза № 1 на правах самостоятельного предприятия вошло в состав треста «Иртышуголь». На ЖКО треста «Иртышуголь» (начальник Н. Д. Дальдибеков, главный инженер К. М. Мукашев) возложено руководство всем жилищным хозяйством в Экибастузе.

xxx

26 сәуірде Екібастұзда бірінші болып Ертіс көмір кенішінің экскаватор машинисі М.Ф.Возныйға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Осынау мәртебелі марапатқа ол кен аршу бойынша социалистік жарыстарда жеткен жетістіктері үшін ие болды. Екібастұз көмір бассейнін игерудегі келер жылдары абыройлы атақ З. Ф. Илюшкинаға (1960 ж.), Г. С. Гридинге (1966 ж.), С. Қадыровқа (1971 ж.), А. И. Виттке (1976 ж.), С. П. Куржейге (1980 ж.), Б. Сүтжановқа (1980 ж.), Н. Т. Пешковке (1986 ж.) берілді.

xxx

26 апреля машинисту экскаватора Иртышского угольного разреза № 1 М. Ф. Возному первому в Экибастузе присвоено звание Героя Социалистического Труда.

Высшую награду Родины он заслужил выдающимися успехами в социалистическом соревновании на разработке вскрышных пород. В последующие годы освоения Экибастузского угольного бассейна звания Героя Социалистического Труда удостоились: З. Ф. Илюшкина (1960 г), Г. С. Гридин (1966 г.), С. Кадыров (1971 г.), А. И. Витт (1976 г.), С. П. Куржей (1980 г.), Б. Сутжанов (1980 г.), Н. Т. Пешков (1986 г.).

xxx

«Иртышуголь» тресінің құрамында өз алдына дербес Жүк тиеу-көлік басқармасы құрылды (бастығы В. Ф. Гаврюшин, бас инженері Д. В. Смирнов).

xxx

В составе треста «Иртышуголь» создано самостоятельное Погрузочно-транспортное управление (начальник В. Ф. Гаврюшин, главный инженер Д. В. Смирнов).

## МАМЫР

Қалыпты жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар қатарына Екібастұз ЖЭО қосылды. Жылу электр орталығы әрқайсысы сағатына 50 тонна бу өндіретін төрт қазандық пен әрқайсысының қуаты 6 мВт үш турбогенератордан тұрады.

Екібастұз ЖЭО әлемде тасымалд анатын сумен жұмыс істейтін жалғыз станса болды. Стансаға күн сайын су 600 тонналық теміржол цистерналарымен 150 шақырым жерден әкелінді.

## МАЙ

В строй действующих предприятий вступила Экибастузская ТЭЦ. Теплоэлектроцентраль состояла из четырех котлов по 50 тонн пара в час и трех турбогенераторов по 6 мВт каждый. Экибастузская ТЭЦ была единственной станцией в мире, которая работала на привозной воде. Она доставлялась сюда ежедневно в железнодорожных цистернах в объеме 600 тонн за 150 километров.

xxx

Қаладағы алғашқы ресми чемпионат 1957 жылы 2 мамырда өтті. Алғашқы «Угольщик» футбол командасы кент футболшыларымен кездесті. 1979 жылдан бастап клуб «Экибастузец» деп аталды.

xxx

Первый официальный чемпионат города по футболу состоялся 2 мая 1957 года. Первая футбольная команда «Угольщик» играла с поселковыми футболистами. С 1979 года этот клуб стал называться «Экибастузец».

## МАУСЫМ

Қаз КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1957 жылғы 12 маусымдағы Жарлығынан: «Павлодар облысы Баянауыл ауданы Екібастұзкөмір жұмысшылар кенті облысқа бағынышты Екібастұз қаласы болып қайта құрылсын».

Бұл уақытта Екібастұз халқының саны 25 мыңға жетті.

xxx

1957 жылға дейін Екібастұздың өз газеті болған емес, халық Баянауыл аудандық «Сталин туы» және облыстық «Павлодарская правда», «Қызыл ту» газеттерін оқитын.

1957 жылы 12 маусымда 2000 дана таралыммен алғашқы көп таралымды «За уголь» газетінің бірінші саны жарық көрді. Бұл Екібастұз тарихындағы тұңғыш газет (тұңғыш редакторы А. Г.Сычев) болды, «Иртышуглестрой « және «Иртышуголь» трестерінің партия ұйымдарының, кеншілер одағы аудандық комитетінің органы болып саналды.

«За уголь» газеті 1000 дана таралыммен бес ай ғана басылып тұрды. Содан соң оның ізін қалалық «Угольный Экибастуз» газеті басты, алғашқы саны 1957 жылдың 6 қарашасында жарық көрді.

Редакцияны Г.С.Бондаренко басқарды. Таралымы 5100 дана болды.

xxx

125 балаға лайықталған №3 «Колокольчик» балабақшасы пайдалануға берілді. Абай көшесінде бой көтерген балабақша ғимараты құрылысын «Иртышуглестрой» тресінің №1 ҚБ-сы салды.

## ИЮНЬ

Из Указа Президиума Верховного Совета Казахской ССР от 12 июня 1957 г.: «Преобразовать рабочий поселок Экибастузуголь Баянаульского района Павлодарской области в город областного подчинения, присвоив ему наименование – город Экибастуз». К этому времени численность населения в Экибастузе достигла 25 тысяч человек.

xxx

До 1957 года жители Экибастуза своей газеты не имели, они читали районную газету «Сталин туы» (Баянаул) и областные газеты «Павлодарская правда» и «Кызыл ту».

12 июня 1957 года вышел первый номер многотиражной газеты «За уголь» тиражом 2000 экземпляров. Это первая в истории Экибастуза газета (первый редактор А. Г. Сычев) – орган парторганизаций управлений трестов «Иртышуглестрой» и «Иртышуголь» и райкома союза угольщиков.

Газета «За уголь» выходила тиражом в 1000 экземпляров всего пять месяцев. Затем ее правопреемницей стала городская газета «Угольный Экибастуз», первый номер которой вышел 6 ноября 1957 года. Редактором был Г. С. Бондаренко. Тираж газеты был 5100 экз.

xxx

Введен в эксплуатацию детский сад № 3 «Колокольчик» на 125 детей. Возведен СУ № 1 треста «Иртышуглестрой» по ул. Абая.

## ШІЛДЕ

12 шілдеде Екібастұз кеншілері бассейн игерілгелі көмірдің 10 миллионыншы тоннасын өндірді.

## ИЮЛЬ

12 июля на Иртышском угольном разрезе № 1 добыта с начала эксплуатации бассейна 10-миллионная тонна угля.

xxx

19 шілдеде Екібастұз қалалық партия конференциясы өтіп, онда қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болып М. Ф. Сорокин сайланды.

xxx

19 июля проходила первая городская Экибастузская партийная конференция, избравшая первым секретарем горкома партии М. Ф. Сорокина.

xxx

21 шілдеде бірінші шақырылған Екібастұз қалалық еңбекші депутаттар кеңесінің алғашқы сессиясы өтті.

Алғашқы сессияға 37 округтен сайланған 71 депутат қатысты. Қалалық атқару комитетінің төрағасы болып А. В. Зыков, орынбасары – Р.Қасымова, хатшысы болып М. И. Горбань сайланды.

xxx

21 июля состоялась первая сессия Экибастузского городского Совета депутатов трудящихся первого созыва.

От 37 избирательных округов на первой сессии присутствовал 71 депутат. Председателем горисполкома избран А. В. Зыков, заместителем председателя – Р. Касымова, секретарем – М. И. Горбань.

## ТАМЫЗ

Қалалық атқару комитетінің шешімімен Екібастұзда екі жаңа мектеп ашылды: 131 кварталдағы барақтарда орын тепкен 200 орындық №4 жетіжылдық мектеп (директоры Р.Я. Нұралина) және 150 оқушыға лайықталған №5 бастауыш мектеп (Абай көшесінің бойында Солтүстік кент аумағындағы 58-кварталда барақ типтес ғимаратта орналасты).

## АВГУСТ

Решением горисполкома в Экибастузе открыты две новые школы: семилетняя школа № 4 на 200 учащихся, разместившаяся в бараке 131 квартала (директор Р. Я. Нуралина), и начальная школа № 5 на 150 учащихся (в здании барачного типа в 58 квартале – по ул. Абая в районе Северного поселка).

## ҚАРАША

Екібастұзда 400 орындық көрермен залы, 108 орындық дәріс залы және кітапханасы бар Кеншілердің мәдениет сарайы пайдалануға берілді. Бұл сол уақытта сәулеті мен әрленуіне қарай қаладағы ең үздік ғимарат саналды.

## НОЯБРЬ

Сдан в эксплуатацию в Экибастузе Дворец культуры горняков со зрительным залом на 400 мест, с лекционным залом на 108 мест, библиотекой и спортзалом. По архитектуре и отделочным работам это было лучшее здание в городе.

xxx

Атқару комитетінің 1957 жылдың 13 қарашасында шыққан шешімімен Екібастұздың барлық мектептеріне қаладағы кәсіпорындар шефтік етуге бекітілді. Шефтік етудің мақсаты – қоғамдық ұйымдар мен мектептер арасындағы байланысты нығайту,

xxx

Решением исполкома от 13 ноября 1957 года впервые все школы города Экибастуза получили шефов в лице коллективов производственных предприятий. Цель шефства – укрепление связей общественных организаций со школами, улучшение

оқу-тәрбие жұмысын жақсарту мен білім беруді политехнолизациялауға көмек беру, қала мектептерінде оқушылардың өндірістік бригадаларын құру. Бұл жылдары пионерлер мен коммунистік еңбек бригадалары арасында достық қарым-қатынас нығайды.

учебно-воспитательной работы и оказание помощи в политехнизации образования, создание в школах города ученических производственных бригад. В эти годы крепла дружба пионеров с бригадами коммунистического труда.

## ЖЕЛТОҚСАН

1957 жылдың 26 желтоқсанында Мемкомиссия Екібастұз ЖЭО тұрақты пайдалану туралы актіге қол қойды.

xxx

Желтоқсанда Ертіс көмір және Солтүстік кен аршу кеніштері, қалалық электржелісі үшін №1 қуат-таратқыш қосалқы стансасы пайдалануға берілді.

## ДЕКАБРЬ

26 декабря 1957 года Госкомиссией подписан акт о передаче Экибастузской ТЭЦ в постоянную эксплуатацию.

xxx

В декабре введена в эксплуатацию тягово-распределительная подстанция № 1 для нужд Иртышского угольного и Северного вскрышного разрезов, городской электросети.



Возный
Михаил Федорович –
первый Герой
Социалистического
Труда в Экибастузе.
Звания удостоен
Указом Президиума
Верховного Совета
СССР 26.04.1957г.



Железнодорожный вокзал.
Станция Экибастуз.



Панорама разреза



1957 год. Бригада экскаватора №1235 угольного разреза №1 (бригадир Г. В. Кулиш).
Нижний ряд слева-направо:
Г. И. Мозер, Н. В. Дмитриенко, В. В. Муваракшин, К. Молдабаев, А. Р. Рогаль, В. М. Возный.
Верхний ряд слева-направо:
В. Я. Хорев, Н. Гречко, М. Т. Сыздыков, Г. М. Скляренко, А. Никитин, Ю. И. Дубровин, Г. М. Дордюк, П. П. Жовнер.



Сорокин Михаил Федорович – первый секретарь Экибастузского горкома Компартии Казахстана VII.1957-I.1959



Зыков Андрей Васильевич – председатель исполнительного комитета Экибастузского городского Совета депутатов трудящихся VII.1957-I.1959



Дом культуры горняков - ровесник города.



Средняя школа № 2



Столовая со временем превратилась в ресторан «Весна»



А. Шейко. Делегат Всемирного Фестиваля молодежи и студентов в Москве.

Қалқаман су құбыры учаскесіне қуаты 1000 кВа болатын № 46 электропойыз берілді.

Калкаманскому водопроводному участку придан энергопоезд № 46 мощностью 1000 кВт.

xxx

Осы уақыттағы қала кейпі: Строительная көшесінде бір қабатты шағын үйлер салынған. Пішенбаев көшесінде екі қабатты үйлер тұрғызылып, 16-кварталдың құрылысы тәмамдалып жатты. 168-квартал, ЖЭО, «Иртышуголь» және «Иртышуглестрой» трестерінің ғимараттары, Кеншілер сарайы болды. «Иртышуголь» тресі ғимаратында қала бойынша жалғыз пошта жұмыс істеп тұрды.

Город выглядел так: по улице Строительной были построены маленькие одноэтажные домики и первые двухэтажные здания, заканчивалось строительство 16-го квартала. Был 168-ой квартал, ТЭЦ, здания трестов «Иртышуголь» и «Иртышуглестрой», Дворец культуры горняков.

xxx

1958 жылы қалада Целиноградқа бағытталған 12 каналдық байланыс жүйесі іске қосылды.

В 1958 году в городе вводится в эксплуатацию 12-канальная система телефонной связи на Целиноград.

xxx

1958 жылы ТЭ-3, 2ТЭ1ОМ сериялы магистралдық тепловоздар қолданысқа еніп, батыс және шығыс бағыттар бойынша екінші жолдар тартылды.

В 1958 году магистральные тепловозы серии ТЭ-3, 2ТЭ1ОМ были введены в эксплутацию, на западном и восточном направлениях проложены вторые пути.

## НАУРЫЗ

КСРО Жоғарғы кеңесіне Екібастұздан бірінші депутат болып «Иртышуглестрой» тресінің үңгушісі, кеншілер әулетінен шыққан, Екібастұз бассейнінде шахта дренаждары құрылысын салушы бригаданың даңқты бригадирі Әди Шәріпов сайланды. Оның атасы Темірбек Оспанов Екібастұз көмір шахталарында сонау А. Деровтің кезінде, кейін ұлы Шәріп Темірбековпен (Әдидің әкесі) бірге ағылшын Л.Уркварттың қол астында жұмыс істепті. Айта кетерлігі, 1984 жылы КСРО Жоғарғы кеңесі депутаттығына Әди Шәріповтың ұлы, «Богатырь»

## МАРТ

Первым депутатом Верховного Совета СССР от Экибастуза стал проходчик треста «Иртышуглестрой» Ади Шарипов, потомственный горняк, прославленный бригадир проходчиков на строительстве дренажных шахт в Экибастузском бассейне. Его дед Темирбек Оспанов работал на угольных шахтах Экибастуза еще у А. Дерова, затем вместе со своим сыном (отцом Ади) Шарипом Темирбековым – у англичанина Л. Уркарта.

Примечательно, что в 1984 г. депутатом Верховного Совета СССР избран сын Ади

кенішінің экскаватор машинисі Арон-Рашид Шәріпов сайланды.

Шарипова – машинист экскаватора разреза «Богатырь» Арун-Рашид Шарипов.

## МАУСЫМ

1958 жылдың маусымынан Екібастұз ЖЭО-ың жаңа директор Г.М.Маленков басқарды, бұл қызметке тағайындалғанға дейін ол КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы, КСРО электрстансалары министрі, Өскемен ГЭС директоры лауазымдарын атқарды. ЖЭО-ғын ол 10 жыл – 1968 жылға дейін басқарды.

xxx

Кітап қоры 2 мың кітап болатын алғашқы қалалық кітапхана ашылды. Оның тұңғыш меңгерушісі Ленинград кітапхана институтының түлегі В. А. Алексеева болды. Кітапхана Советов к-шесі, 11 мекенжайындағы екі қабатты ғимараттың бірінші қабатында орналасты.

## ИЮНЬ

С июня 1958 года Экибастузскую ТЭЦ возглавил новый директор – Г. М. Маленков, до этого назначения бывший председателем Совета Министров СССР, затем министром электростанций СССР и директором Усть-Каменогорской ГЭС. Директором ТЭЦ в Экибастузе проработал 10 лет – до 1968 года.

xxx

Открыта первая городская детская библиотека с книжным фондом в 2 тыс. книг. Первой заведующей стала выпускница Ленинградского библиотечного института В. А. Алексеева. Библиотека разместилась на первом этаже 2-этажного дома по ул. Советов, 11.

## ТАМЫЗ

Екібастұз теміржол торабында паровоздар орнына тепловоздар жүре бастады. Көмір тиелген алғашқы құрамды ТЭ-2 тепловоздары әкетті.

## АВГУСТ

На Экибастузском железнодорожном узле начали внедрять тепловозную тягу взамен паровозной. Первые составы с углем повезли тепловозы серии ТЭ-2.

## ҚЫРКҮЙЕК

1958 жылғы 11 қыркүйектен бастап осыдан жеті жыл бұрын Павлодар мезуыка мектебінің филиалы болып ашылған Глинка атындағы балалар музыка мектебі дербес оқу мекемесі ретінде жұмыс істей бастады. Оның алғашқы директоры Малинина Людмила Петровна.

xxx

Екібастұз қалалық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің 1958 жылғы 24 қыркүйектегі №223/20 шешімімен кластан тыс, мектептен тыс жұмыстарды жақсарту,

## СЕНТЯБРЬ

С 11 сентября 1958 как самостоятельное учебное заведение начинает функционировать детская музыкальная школа им. Глинки, открытая в 1951 году в качестве филиала павлодарской музыкальной школы. Первым директором была Малинина Людмила Петровна.

xxx

Решением исполкома Экибастузского городского совета депутатов трудящихся № 223/20 от 24 сентября 1958 года в целях улучшения внеклассной и внешкольной

мектептерге бала тәрбиелеуде көмек беру мақсатында Пионерлер үйі ашылды.

работы, оказания практической помощи школам в организации и воспитании детей открыт Дом пионеров.

## ҚАЗАН

1958 жылы қазан айында мемлекеттік комиссия Қалқаман кентіндегі ұңғымадан Екібастұз ЖЭО-ына ауыз-су жеткізетін Қалқаман-Екібастұз су құбырын тұрақты пайдалануға қабылдады. Маңызды құрылыс, монтаждау жұмыстарын «Иртышуглестрой» тресінің №№1, 3, 5 ҚБ-лары және «Карагандашахтостроймонтаж» тресінің № 4 ҚМБ-сы жүргізді.

## ОКТЯБРЬ

В октябре 1958 года государственной комиссией принят в постоянную эксплуатацию водопровод Калкаман – Экибастуз, по которому из скважины в поселке Калкаман стала поступать пресная вода жителям города и на Экибастузскую ТЭЦ. Строительные и монтажные работы здесь вели СУ-3, СУ-1, СУ-5 треста «Иртышуглестрой» и СМУ-4 треста «Карагандашахтострой-монтаж».

## ҚАРАША

№1 Ертіс көмір кенішіндегі В. В. Муваракшин мен П. М. Михневич басқаратын көмір қазу экскаватор бригадалары қалада бірінші болып коммунистік еңбек ұжымдары аталды. Осынау құрметті атақ оларға өндірістегі жоғары жетістіктері мен өскелең ұрпақты тәрбиелеуге белсене атсалысқандары үшін берілді.

## НОЯБРЬ

Первыми в городе коллективами коммунистического труда стали бригады добычных экскаваторов во главе с В. В. Муваракшиным и П. М. Михневичем на Иртышском угольном разрезе № 1. Этого почетного звания они заслужили высокими производственными достижениями, активным участием в воспитании подрастающего поколения.

ххх

Екібастұзда «Иртышуглестрой» тресінің ұжымы тәулігіне 10 тонна сүт өндіретін сүт зауытын пайдалануға тапсырды.

ххх

В Экибастузе коллектив треста «Иртышуглестрой» сдал в эксплуатацию молочный завод мощностью до 10 тонн молока в сутки.

## ЖЕЛТОҚСАН

«Иртышуглестрой» тресінің құрамындағы бетон қоспалары торабы негізінде жаңа кәсіпорын – ТББ (темір-бетон бұйымдары) зауыты құрылды (директоры М. А. Забелин).

## ДЕКАБРЬ

В составе треста «Иртышуглестрой» на базе действовавших растворо-бетонных узлов организован завод ЖБИ (директор М. А. Забелин).



Шахтопроходчик треста «Иртышуглестрой» Ади Шарипов - первый экибастузец, избранный в 1958 году депутатом Верховного Совета СССР.



Вначале уголь вывозили таким образом.



Первый детский сад



Больница Авербуха Б.М.

Екібастұзда 1500-ден аса мүшесі бар ерікті жасақшылар құрылды.

В Экибастузе организованы первые добровольные дружины, насчитывающие более 1500 человек.

ххх

Жылдың басында Пионерлер үйі ашылды. Ол №3 мектеп жанындағы бараққа орналасты. Директоры Раиса Николаевна Михальцева.

В начале года открыт Дом пионеров – это был барак возле школы № 3. Директор Раиса Николаевна Михальцова.

ххх

Екібастұз кеншілері экскаваторлардың күрделі жөндеусіз қолданыс мерзімін ұлғайту қозғалысын бастады. Бұл бастаманы коммунист, экскаваторлар бригадасының басшысы Павел Иванович Мартыненко ұсынды.

Экибастузские горняки начали движение за продление срока службы экскаваторов без капитального ремонта. Инициатором этого движения стал коммунист, бригадир экскаваторной бригады Павел Иванович Мартыненко.

ххх

Донорлық пункт құрылып, ол қалалық аурухананың жұқпалы аурулар бөлімшесінің 4 кабинетіне орналастырылды. Пункте қалаға танымал хирург-дәрігер Т. С. Нечаева, мейірбикелер Ф. Н. Кутышева, Г. Надиева жұмыс істеді. Кейін (1963 жылы) Донорлық пунктке Строительная көшесінен жеке орын беріліп, аға мейірбике болып И.Г.Шарко еңбектенді. Пункт жылына 100-150 литр қан мен оның компоненттерін әзірледі.

Создан донорский пункт, размещенный в 4-х кабинетах инфекционного отделения городской больницы, врачом была известная в городе хирург Т. С. Нечаева, медсестрами – Ф. Н. Кутышева, Г. Надиева. Затем было выделено отдельное помещение по улице Строительной (1963г.), старшей медсестрой стала И. Г. Шарко. Заготавливали 100-150 литров крови и ее компонентов в год.

## ҚАҢТАР

Партия съезіне тарту ретінде Екібастұз кеншілері қаңтардың 26 күні ішінде Оралға 417164 тонна көмір жөнелтті.

## ЯНВАРЬ

Трудовой подарок съезду партии преподнесли угольщики Экибастуза, отправив за 26 дней января на Урал 417164 тонн угля.

## АҚПАН

1960 жылы Екібастұз тау-кен техникумы алғашқы дипломы бар мамандарды шығарды. 1960 жылы 22 ақпанда техникумның алғашқы түлектері емтихан комиссиясы

## ФЕВРАЛЬ

В 1960 году в Экибастузском горном техникуме состоялся первый выпуск дипломированных специалистов. Защита дипломных проектов перед экзаменационной

алдында (комиссия төрағасы И.П.Федотов) дипломдық жобаларын қорғады.

комиссией (председатель И. П. Федотов) состоялась 22 февраля 1960 года.

## СӘУІР

Екібастұз кеншілері № 1 кеніш пайдалануға берілгеннен бергі 4 жыл ішінде Оралдағы кәсіпорындарға 20 млн тонна көмір жөнелтті.

## АПРЕЛЬ

Горняки Экибастуза отправили предприятиям Урала 20 млн тонн угля за 4 года эксплуатации разреза № 1.

## МАМЫР

Екібастұз қалалық еңбекші депутаттар кеңесінің атқару комитеті 14 мамырда жаңа 1959-1960 оқу жылына Екібастұз қаласы бойынша мектептер желісін төмендегідей бөлді: № 1 мектеп – бірінші кентте, № 2 ОМ – 16-кварталда, № 3 сегізжылдық мектеп – 3-кентте, № 4 сегізжылдық мектеп – 131-кварталда, № 5 сегізжылдық мектеп – 58-кварталда, № 6 бастауыш мектеп – Көне Екібастұзда, № 7 бастауыш мектеп пен № 1 мектеп-интернаты 123-кварталда.

## МАЙ

Горисполком Экибастузского Совета депутатов трудящихся 14 мая утвердил на новый 1959/1960 учебный год по городу Экибастузу сеть школ: СШ № 1 – в первом поселке, СШ № 2 – на 168 квартале, восьмилетняя школа № 3 – в третьем поселке, восьмилетняя школа № 4 – на 131 квартале, восьмилетняя школа № 5 – на 58 квартале, начальная школа № 6 – в Старом Экибастузе, начальная школа № 7 и школа-интернат № 1 – на 123 квартале.

## МАУСЫМ

1959 жылы 15 маусымда Екібастұз қалалық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің шешімімен 150 балаға лайықталған қалалық пионер лагері ашылды. Осы шешімге сәйкес лагерь педагогикалық кадрлармен қамтылды. Лагерьді ұйымдастыру, қажетті жабдық алу, балаларды сауықтыру шараларын жүзеге асыру үшін қалалық бюджеттен қаржы бөлінді. № 6 асхана балаларға күніне екі мезгіл ас әзірледі. 1 шілдеде лагерьде 100 оқушының қатысуымен туристік сапар ұйымдастырылды.

## ИЮНЬ

15 июня 1959 года решением исполкома Экибастузского Совета депутатов трудящихся открыт городской пионерский лагерь на 150 детей. Этим же решением пионерский лагерь был укомплектован педагогическими кадрами. На организацию лагеря, приобретение оборудования, проведение оздоровительных мероприятий ассигнования выделены из городского бюджета. Двухразовое питание для детей обеспечивала столовая № 6. 1 июля в лагере состоялся туристический поход 100 учащихся.

## ШІЛДЕ

Екібастұз қалалық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитеті төмендегідей шешім қабылдады:

1. 1959 жылдың 1 шілдесінен бастап Екібастұз қалалық мәдениет үйін ашу;

## ИЮЛЬ

Исполком Экибастузского городского Совета депутатов трудящихся принял решение:

1. Открыть с 1 июля 1959 года Экибастузский городской дом культуры.

2. Қалалық мәдениет үйін кеншілер кәсіподағының аудандық кәсіподағы клубы ғимаратына орналастыру.

3. Қалалық мәдениет үйінің директоры лауазымына Александрова Зоя Александровнаны бекіту.

2. Помещение для городского дома культуры использовать клуб райкома профсоюза угольщиков.

3. Утвердить директором городского дома культуры Александрову Зою Александровну.

ххх

1959 жылы шілдеде «Иртышуголь» тресі № 2 көмір кенішінің бірінші кезегі пайдалануға берілді.

В июле 1959 года сдана в эксплуатацию первая очередь угольного разреза № 2 треста «Иртышуголь».

ххх

«Вокруг света» журналында В.Кармановтың «Иртыш – на юг» атты мақаласы басылды. Мақалада «Ертіс-Қарағанды» каналының құрылыс жобасы туралы баяндалады.

В журнале «Вокруг света» вышла статья В. Карманова «Иртыш – на юг». В статье рассказывалось о проекте строительства канала «Иртыш – Караганда».

## ҚЫРКҮЙЕК

Екібастұз орта мектеп-интернаты (директоры П. И. Костенко) ашылып, онда Екібастұз қаласы мен жақын ауылдардан жетім балалар, жалғызбасты аналардың тәрбиесіндегі балалар, аз қамтылған отбасы балалары қабылданды. 1962 жылы қарашада интернаттың 200 орындық жатақханасы пайдалануға берілді.

## СЕНТЯБРЬ

Открыта Экибастузская средняя школа–интернат (директор П. И. Костенко), в которую принимали детей-сирот, детей матерей-одиночек и из больших малообеспеченных семей г. Экибастуза и ближайших совхозов. В ноябре 1962 г. было введено для интерната общежитие на 200 мест.

ххх

1959 жылы 4 қыркүйекте Қазақ КСР Министрлер кеңесінің шешімімен Екібастұз балалар музыка мектебіне орыс композиторы М. И. Глинканың есімі берілді.

4 сентября 1959 года решением Совета Министров Казахской ССР Экибастузской детской музыкальной школе присвоено имя композитора М. И. Глинки.

## ҚАРАША

1959 жылы 18 қарашада Екібастұз қалалық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитеті үйғарымымен «Еңбек» қоғамының қалалық стадионы «Иртышуглестрой» тресінің құрылыс комбинаты балансына берілді.

## НОЯБРЬ

18 ноября 1959 года распоряжением исполкома Экибастузского Совета депутатов трудящихся городской стадион общества «Енбек» передан на баланс треста «Иртышуглестрой».

**ЖЕЛТОҚСАН**

Қалалық кәріз жүйесінің сыйымдылығы 5000 ш.м. болатын алғашқы нысаны пайдалануға берілді. № 1 коллектор толық, № 2, бас және қысымды коллекторлар, бас және бірінші сорғы стансалары жартылай іске қосылды. Қалалық кәріз жүйесіне бірінші болып №№ 9, 16, 17, 94, 97 кварталдардағы тұрғын үйлер, №№ 1, 2 мектептер, екі монша, Кеншілердің мәдениет сарайы, қалалық аурухана, бөбектер яслиі қосылды.

xxx

Жылына 3 млн тонна көмір өндіретін № 2 көмір кеніші пайдалануға берілді. Кен орнында жылдық өнім өндіру көлемі 6,4 млн тоннаға дейін артты.

**ДЕКАБРЬ**

Введены в эксплуатацию первые объекты городской канализации объёмом 5000 куб. м. Приняты в эксплуатацию коллектор № 1 и частично – № 2, главный и напорный коллекторы, главная и первая насосные станции. К городской канализации впервые были подключены жилые дома в кварталах №№ 9, 16, 17, 94, 97, школы № 1 и № 2, две бани, ДК горняков, горбольница и детские ясли.

xxx

Сдан в эксплуатацию угольный разрез № 2 мощностью 3 млн тонн угля в год. Годовой объём добычи на месторождении возрос до 6,4 млн тонн.



*Восточный борт разреза «Западный»*



*Школа-интернат на первомайской демонстрации.*



*Новостройки Экибастуза.*



Бригада Колотеева Н.Н.



Зыков
Андрей Васильевич –
первый секретарь
Экибастузского
горкома
Компартии
Казахстана
I.1959-IV.1961



Кравец
Григорий Андреевич –
председатель
исполнительного
комитета
Экибастузского
городского Совета
депутатов
трудящихся
III.1959-IX.1961



Футбольная команда «Угольщик» - чемпион
и обладатель Кубка города.

1960 жылы №1 Ертіс көмір кенішінде экскаватор бригадалары арасында жылына миллион және одан да көп тонна көмірді бір экскаватормен өндіру қозғалысы басталды.

xxx

«Иртышуголь» тресінің бас инженер И.П.Федотов төрағалық еткен техникалық кеңесі трестегі үздік өнертапқыштарды марапаттады:

1. Недогода Лука Максимович – ӨТБ-ның мехцех шебері. Ол 8 ұсыныс жасаған. Олардың 6-уы өндіріске енгізілді. «Целинный халық шаруашылығы кеңесінің үздік өнертапқышы» атағын иеленді.

2. Бурыкин Василий Федорович – ӨТБ паровоз деposының бесаспап маманы. Ол 7 ұсыныс жасап, оның 4-уі жүзеге асырылған. «Целинный халық шаруашылығы кеңесінің үздік өнертапқышы» атағын иеленді.

3. Мартыненко Павел Иванович – Северный кен аршу кенішінің экскаватор машинисі. 3 ұсыныс жасаған, барлығы өндіріске енгізілген.

4. Гельвер Эрих Давыдович – № 1 Ертіс көмір кенішінің экскаватор машинисі. 3 ұсыныс жасаған, оның барлығы да өндіріске енгізіліп, жылына 4 146 рубльді үнемдеуге мүмкіндік берген.

5. Палестинов Владимир Васильевич – Энергоуправлениясының қосалқы стансасының бастығы. 5 ұсыныс жасаған, барлығы да жүзеге асырылып, 1434 рубль үнем әкелген.

xxx

Жүк тиеу-көлік басқармасының ұжымы (бастығы Гаврюшин В. Ф., бас инженері Смирнов Д. В., партия ұйымының хатшысы Резепов П. Д., жергілікті комитет төрағасы Карпович В. И., бас бухгалтері

В 1960 году на Иртышском угольном разрезе № 1 стартовало движение экскаваторных бригад за добычу одним экскаватором миллиона и более тонн угля в год.

xxx

Технический совет трест «Иртышуголь» под председательством главного инженера И.П. Федотова отметил лучших рационализаторов треста:

1. Недогода Лука Максимович – мастер мехцеха ПТУ. Он подал 8 предложений, 6 из которых сам внедрил в производство. Удостоен почетного звания «Лучший рационализатор Целинного совнархоза».

2. Бурыкин Василий Федорович – инструментальщик паровозного депо ПТУ. Он подал 7 предложений, из которых внедрено 4. Образцы предложений изготавливает сам. Удостоен почетного звания «Лучший рационализатор Целинного совнархоза».

3. Мартыненко Павел Иванович – машинист экскаватора Северного вскрышного разреза. Подал 3 предложения. Все внедрены.

4. Гельвер Эрих Давыдович – машинист экскаватора Иртышского угольного разреза №1. Он подал 3 предложения, которые все внедрены и дают годовую экономию в сумме 4 146 рублей.

5. Палестинов Владимир Васильевич – начальник подстанции Энергоуправления. Он подал 5 предложений, которые внедрены и дают экономию в сумме 1434 рубля.

xxx

Коллектив Погрузочно-транспортного управления (начальник Гаврюшин В. Ф., главный инженер Смирнов Д. В., секретарь парторганизации Резепов П. Д., председатель месткома Карпович В. И., главный

Рычковский С.И.) І тоқсан бойынша социалистік жарыстың жеңімпазы атанды.

бухгалтер Рычковский С.И.) признан победителем социалистического соревнования по итогам первого квартала.

ххх

Өлеңті, Шідерті стансаларында жаңа теміржол вокзалдары, Екібастұзда теміржолшылардың демалыс үйі мен монша салынды.

ххх

Построен новый железнодорожный вокзал на станции Шидерты, Дом отдыха железнодорожников в Экибастузе и баня.

## ҚАҢТАР

«Иртышуглестрой» тресіне Үлкен Қалқаман көлі маңында тұз өндіру кәсіпшілігі құрылысын салу жүктелді.

## ЯНВАРЬ

На трест «Иртышуглестрой» возложено строительство солепромысла на озере Большой Калкаман.

## АҚПАН

1960 жылы Екібастұз тау-кен – құрылыс техникумы алғашқы түлектері – тау-кен техниктерін ұшырды, техникумның өзі 1956 жылы ашылған болатын. Оқу орны түлектері өндірістен қол үзбей-ақ тау-кен ашық әдістері технологиясы бойынша арнаулы орта білім алды. №1 диплом №1 кеніш маркшейдері П. Д. Ильченкоға табысталды. Алғашқы үздік диплом иелері – Н. И. Кондрашов («Иртышуглестрой» трестінің МБ) пен Ю. Г. Бикбаев (Майқайың ТБЭК). 1999 жылы тау-кен техникумы политехникалық колледж мәртебесін алды.

## ФЕВРАЛЬ

В 1960 году вечерний Экибастузский горно-строительный техникум, открытый в 1956 году, выпустил первых горных техников. Выпускники техникума получали без отрыва от производства среднее специальное образование по технологии открытых горных работ. Первыми получили дипломы с отличием – Н. И. Кондрашов (УМ треста «Иртышуглестрой») и Ю. Г. Бикбаев (Майкаинская КГРЭ).

## НАУРЫЗ

7 наурызда «Иртышуглестрой» тресі № 5 ҚБ-ның сылақшылар бригадирі Зинаида Федоровна Илюшкинаға (1936 ж.т.) Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

## МАРТ

7 марта звание Героя Социалистического Труда присвоено бригадиру штукатуров-маляров СУ № 5 треста «Иртышуглестрой» Зинаиде Федоровне Илюшкиной (род. в 1936 г.)

## МАУСЫМ

Баянауыл ауданында Жасыбай көлінің жағасында кеншілердің «Березка» маусымдық демалыс үйі ашылды, онда бір мез-

## ИЮНЬ

В Баянаульском районе на берегу озера Джасыбай открыт сезонный Дом отдыха угольщиков «Березка», в котором одновре-

гілде 100 кеншінің демалуына жағдай жасалды. Кеншілердің кәсіподағы екі апталық жолдама төлемінің 70%-ын төлеп отырды.

менно могли отдыхать до 100 шахтеров. 70 % стоимости двухнедельной путевки оплачивал профсоюз угольщиков.

## ҚЫРКҮЙЕК

Қалада «Детский мир» дүкені ашылды. Новоселов көшесіндегі жаңа ғимаратқа орын тепкен дүкен жас қаладағы ең танымал сауда орнына айналды.

## СЕНТЯБРЬ

Открылся первый в городе магазин «Детский мир». Он разместился в новом здании по ул. Новоселов на 131 квартале и стал одним из самых популярных магазинов в молодом городе.



*Илюшкина Зинаида Федотовна – Звание Героя Социалистического руда присвоено Указом Президиума Верховного Совета СССР 07.03.1960г.*



*Встреча с фронтовиком Г.С. Бондаренко*



*ГОРОНО Экибастуза.*



Горожане привыкли к мирные взрывам на угольном разрезе.



Погрузка угля на разрезе №1.

1961 жылы көмір өнеркәсібінде алғаш рет екі екібастұздық бригада әрқайсысы миллионнан аса тонна көмір өндірді. Машинист Ф.Мокрослоевтың бригадасы (СЭ-3 сериялы №1239 экскаватор) 1150 мың тонна, ал М. Евстигнеевтің бригадасы (СЭ-3 № 1337 экскаватор) 1170 мың тонна көмір қазып алды. Ф. Мокрослоев бригадасының жоғары өнімді жұмыс тәжірибесі КСРО ХШЖК-нде таратылды. Келер жылы «миллионер» қатарына В. Муваракшиннің, Н. Колотевтің, В. Коростояновтың бригадалары қосылды. Одан кейінгі жылдары тағы төрт экскаватор машинистері Г.Мозер, Ф. Белкин, В. Егоров пен Э. Гельвердің бригадалары «миллионер» атанды. Сол жылдары экскаваторшылар П. Гашек, И. Кочерга, В. Зиновьев, А. Зеленкевич, С. Қадыровтар да, электровоз машинистері Н.Батура, Н. Антоненко, И. Убираев, М. Удальцов, бульдозершілер А. Прокопьев, Н. Витухов, бригадирлер Ә. Шәріпов, Ж. Мұқышевтар керемет жетстіктерге жетті. Осылайша Екібастұзда «миллионерлердің» патриоттық қозғалысы бастау алып, дамыды.

В 1961 году впервые в угольной промышленности две экибастузские экскаваторные бригады добыли свыше миллиона тонн угля каждая. Бригада машиниста Ф. Мокрослоева (экскаватор СЭ-3 №1239) добыла 1150 тысяч тонн, а бригада М. Евстигнеева (экскаватор СЭ-3 №1337) – 1170 тысяч тонн угля. Опыт высокопроизводительной работы бригады Ф. Мокрослоева был опубликован в проспекте ВДНХ СССР. В следующем году «миллионерами» стали бригады В. Муваракшина, Н. Колотева, В. Карастоянова. В следующие годы ещё четыре бригады машинистов экскаваторов – Г. Мозера, Ф. Белкина, В. Егорова и Э. Гельвера. Замечательных трудовых успехов достигли в те годы машинисты экскаваторов П. Гашек, И. Кочерга, В. Зиновьев, А. Зеленкевич, С. Кадыров, машинисты электровозов Н. Батура, Н. Антоненко, И. Убираев, М. Удальцов, бульдозеристы А. Прокопьев, Н. Витухов, бригадиры А. Шарипов, Ж. Мукишев.

Так возникло и в последующем разрослось в Экибастузе патриотическое движение «миллионеров».

xxx

1961 жылы Кеншілердің мәдениет сарайында балет училищесінің түлегі Валентина Ивановна Шишкинаның жетекшілік етуімен би ұжымы құрылды. Бұл Екібастұзды би өнері биігіне бастаған алғашқы қадам еді. Шишкинаның жетекшілігіндегі «Шахтерские огни» ересектер би ұжымы сол кезде ұйымдастырылған барлық байқаулар мен фестивальдерде жүлделі орындар иеленді. Облыс, Қазақстан, КСРО көлемінде гастрольдерге көп шықты.

xxx

В 1961 году во Дворце культуры горняков образован танцевальный коллектив под руководством Валентины Ивановны Шишкиной, выпускницы балетного училища. Это был первый шаг к хореографической славе Экибастуза. Ее взрослый хореографический коллектив «Шахтерские огни» занимал первые места во всех конкурсах и фестивалях, проводимых в то время. Много гастролировал по области, Казахстану, СССР.

xxx

«Строитель» клубы ашылды, жетекшісі – П. С. Покиданов. Клубта үш үйірме мен үгіт клубы жұмыс істеді. Ағайынды Покидановтар – Виталий, Эдуард және Павел мен қызы Эльвира өнерлерімен көпке танылды.

xxx

Открыт клуб «Строитель» – руководитель П. С. Покиданов. В клубе работало три кружка, агитклуб. Большой популярностью пользовались трио братьев Покидановых – Валерий, Эдуард и Павел, и дочь Эльвира.

xxx

Екібастұзда бұл жылы 7413 мың тонна көмір өндірілді.

xxx

В Экибастузе добыто за год 7413 тыс. тонн угля.

xxx

Екібастұз аумағында тың және тыңайған жерлерді қарқынды игеру 1961 жылы басталды. Осыған дейін мұнда тек екі кеңшар – «Екібастұз» және «Ақкөл» ғана болса, бұдан кейін «Өлеңті», «Қарасу», «Комсомол», «Сарықамыс», «Степной» және КОКП 22 съезі атындағы кеңшарлары бірінен соң бірі құрылды. 1961 жылғы алғашқы тыңгерлердің арқасында 55000 гектар тың жер көтерілді. Барлығы 130000-нан аса гектар жер ауылшаруашылық айналымға енгізілді. Ауданда мал басы күрт көбейді. Егер 1961 жылы өңірде 37646 бас қой, 12551 бас ірі қара мал мен 1842 жылқы болса, төрт жылдан соң отардағы мал басы 79196-ға, күрттерде – 17377 басқа артты.

xxx

Интенсивное освоение целинных и залежных земель на территории Экибастузского региона начинается с 1961 года. Если раньше здесь было всего 2 совхоза – Экибастузский и Аккольский, то теперь один за другим создаются новые совхозы – Олентинский, Карасуский, Комсомольский, Саргамысский, имени 22 съезда КПСС и Степной. Благодаря усилиям первоцелинников в 1961 году поднято 55000 гектаров целины. Всего включено в сельскохозяйственный оборот более 130000 гектаров земли. В районе резко возросло поголовье скота. Если в 1961 году в регионе насчитывалось 37646 овец, 12551 голов крупного рогатого скота и 1842 лошади, то четыре года спустя поголовье отар увеличилось до 79196, гуртов – до 17377 голов.

xxx

1961 жылы күзде Екібастұзда тұңғыш балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі ашылып, осы кезден жас қаланың спорттық өмірі қалыптаса бастады. Спорт мектебінің алғашқы директоры Леонид Иосифович Рыков болды. Мектепте баскетбол (бапкерлері Анатолий Евгеньевич Герасименко мен Леонид Иосифович Рыков), гимнастика (Ираида Викторовна Новикова мен Тельман Әубәкірұлы Әубәкіров), жеңіл атлетика (Владимир Прокофьевич Крыжа-

xxx

Осенью 1961 года в Экибастузе открывается первая детско-юношеская спортивная школа, и с этого времени зарождается спортивная жизнь молодого города. Первым директором спортшколы был Леонид Иосифович Рыков. В школе открыты три отделения: баскетбола – тренеры Анатолий Евгеньевич Герасименко и Леонид Иосифович Рыков, гимнастики – Ираида Викторовна Новикова и Тельман Аубакирович Аубакиров, лёгкой атлетики – Влади-

новский) бөлімшелері жұмыс істеді. Секцияларда 100-ден аса бала жаттықты.

## НАУРЫЗ

«Иртышуголь» тресінің № 1 кенішінде алғашқы РЭ-1сериялы роторлы экскаваторлары өндірістік-тәжірибе сынағынан өте бастады. Бірінші болып роторлы экскаватор рөліне бригадир-машинист И. В. Качура отырса, алғаш болып көмірді машинист П. П. Жовнер тиеді, машинистке А. Е. Страшко, Д. П. Худенко, Г. Сайфутдинов көмекшілік етті.

xxx

«Иртышуголь» тресі ұжымы Қаз КСР Министрлер кеңесі және Қазкәсіпкеңесінің Қызыл Туымен марапатталды.

## МАМЫР

Целиноградтан Ерейментау мен Екібастұзға дейінгі учаскеде №10 пойыз монтаждаушылары тепловоздық тарту күшіне көшуге байланысты теміржолдың диспетчерлік орталығы құрылысын бастады.

## МАУСЫМ

Екібастұзда № 3 көмір кенішінің құрылысы басталды.

xxx

125 орындық жаңа балабақша ашылды. Строительная көшесіндегі (17-кварталда) екі қабатты бөбектер бақшасын кеншілер балаларына арнап «Иртышуглестрой» тресінің құрылысшылары салды.

мир Прокофьевич Крыжановский. В секциях занимались более ста учащихся.

## МАРТ

На разрезе № 1 треста «Иртышуголь» начались опытно-промышленные испытания первого роторного экскаватора РЭ-1. Первым бригадиром-машинистом стал И. В. Качура, машинистом погрузки – П. П. Жовнер, помощниками машиниста – А. Е. Страшко, Д. П. Худенко, Г. Сайфутдинов.

xxx

Коллектив треста «Иртышуголь» награжден Красным Знаменем Совета Министров Казахской ССР и Казсовпрофа за достижение больших успехов в социалистическом соревновании. По итогам соревнования в республике коллектив треста занял первое место.

## МАЙ

На участке от Целинограда до Ерментау и Экибастуза монтажники поезда № 10 стали сооружать диспетчерскую централизации железной дороги в связи с переходом на тепловозную тягу.

## ИЮНЬ

Началось строительство 3-го угольного разреза в Экибастузе.

xxx

Открыт новый детсад на 125 мест. Двухэтажное здание детсада № 4 по ул. Строительной (квартал 17) возвели для детей шахтеров строители треста «Иртышуглестрой».

xxx

1961 жылы 10 маусымда Кеншілер мәдениет сарайының алдына В. И. Лениннің ескерткіші (бюсті) орнатылды.

xxx

10 июня 1961 года у Дворца культуры горняков установлен первый памятник В. И. Ленину.

## ШІЛДЕ

26 шілдеде Строительная көшесінде 66 төсек орындық перзентхананың типтік ғимараты пайдалануға берілді. Оған дейін перзентхана (бас дәрігері Р. Б. Меламед) көп уақыт бойы баракта орналасып келді.

## ИЮЛЬ

28 июля в городе введено в эксплуатацию типовое здание роддома на 66 коек по улице Строительной, 117. Роддом (главврач Р. Б. Меламед) длительное время размещался в бараке.

## ҚЫРКҮЙЕК

5 наурызда 9-бесжылдық тапсырмалары мен көмір өндірудегі социалистік міндеттемелерді орындаудағы жетістіктері үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Екібастұз өндірістік бірлестігі «Богатырь» кенішінің экскаватор машинисі Витт Анатолий Ивановичке «Социалистік Еңбек Ері» атағы беріліп, алтын «Орақ пен Балға» медалі, Ленин ордені тапсырылды.

xxx

5 марта за выдающиеся успехи в выполнении заданий 9-й пятилетки и социалистических обязательств по добыче угля Указом Президиума Верховного Совета СССР присвоено высокое звание Героя Социалистического Труда машинисту экскаватора разреза «Богатырь» Экибастузского производственного объединения по добыче угля Витту Анатолию Ивановичу и вручены золотая медаль «Серп и Молот» и орден Ленина.

## МАМЫР

Қазақстан ЛЮЖО ОК Екібастұз МАЭС-тері құрылысын Республикалық екпінді комсомол құрылысы деп жариялады.

Алғашқы уақытта 1-МАЭС құрылысында төрт-ақ комсомол-жастар бригадасы болды, ал 1978 жылдың қазан айында олардың саны 20-ға жетті және бір комсомол-жастар учаскесі (бастығы Б. П. Тарабцев) құрылды.

## МАЙ

ЦК ЛКСМ Казахстана объявил сооружение Экибастузских ГРЭС Республиканской комсомольской ударной стройкой. В начальный период на строительстве ГРЭС-1 было всего четыре комсомольско-молодежных бригады, а в октябре 1978 года их стало уже 20 и один комсомольско-молодежный участок (начальник Б. П. Тарабцев).

xxx

Екібастұзда 1-МАЭС құрылысшыларына арнап энергетиктер тұратын жаңа №19 шағынаудан құрылысы басталды.

xxx

Началось строительство в Экибастузе нового жилого микрорайона энергетиков № 19 для строителей Экибастузской ГРЭС-1.

## ҚЫРКҮЙЕК

1976 жылы қыркүйекте Павлодар медучилищесінің Екібастұздағы филиалы базасында «Мейірбике», «Акушерлік» мамандары бойынша кадр даярлайтын медицина училищесі ашылды. Оның алғашқы басшысы болып терапевт-дәрігер К. Е. Ержанов тағайындалды.

## СЕНТЯБРЬ

В 1976 году на базе филиала Павлодарского медучилища в Экибастузе открыто медицинское училище по специальностям: медсестра и акушерство. Первым руководителем образовательного центра назначен врач-терапевт Ержанов К. Е.

xxx

Павлодар облыстық атқару комитеті Екібастұзда қалалық аурухана базасында Қазақстандағы тұңғыш Медбірлестікті (бас дәрігері М. М. Тентекбаев) құру туралы шешім қабылдады. Оның қарамағына қала

xxx

В сентябре 1976 года Павлодарским облисполкомом принято решение создать на базе городской и районной больницы первое в Казахстане медобъединение г. Экибастуза и Экибастузского района, в подчи-

мен аудан ауылдарындағы барлық денсаулық сақтау мекемелері өтті.

нение которого переданы все учреждения здравоохранения города и сельского района. Возглавил региональное медобъединение главный врач М. М. Тентекпаев.

ххх

Екібастұз педагогикалық училищесінде оқу басталды.

Республиканың оқу-ағарту министрлігі қайта ашылған педучилищеге 300 адам, оның ішінде жалпы білім беру мектептеріндегі бастауыш класс мұғалімі мамандығына– 90 адам, музыкалық тәрбие беру мамандығына – 60 және мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие беру мамандығына 150 адам қабылдауға рұқсат берді. Екібастұз педучилищесі 1976 жылы 26 тамызда құрылып, бұрынғы мектеп-интернаты ғимаратында орналасты.

ххх

Начались занятия учащихся в Экибастузском педагогическом училище.

Министерство просвещения республики разрешило произвести прием учащихся во вновь организуемое педучилище в количестве 300 человек, в том числе по специальностям: преподавание в начальных классах общеобразовательных школ – 90; музвоспитание – 60 и воспитание в дошкольных учреждениях – 150 чел. Экибастузское педучилище, образованное 26 августа 1976 г., разместилось в здании бывшей школы-интерната.

## ҚАЗАН

1976 жылдың қазан айы. Екібастұзда екі факультеті бар – музыкалық және әдеби-халықтық мәдениет университеті ашылды. Онда150-ден аса адам дәріс алды. Сабақтар айына бір рет Кеншілер мәдениет сарайында өткізілді.

ххх

1976 жылдың 21 қазаны. Екібастұзда ауданы 1675 ш.м. ғимарат пайдалануға беріліп, онда жалпы кітап қоры 345 мың дана болатын 9 қалалық және 11 ауылдық кітапхананы біріктірген Қалалық орталықтандырылған кітапхана орналасты. Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің бірінші меңгерушісі – Т. Г. Барышева. Екі қабатты типтік ғимараттың көрме залы, абонемент, оқырман залдары және 200 мың кітап сақтауға арналған бөлмесі болды. Ғимаратты «Иртышуглестрой» трестің №1 ҚҚБ -сы ұжымы салды.

## ОКТЯБРЬ

В Экибастузе создан народный университет культуры с двумя факультетами – музыкальным и литературным. В нём занимаются более 150 человек. Занятия проходят в Дворце культуры горняков один раз в месяц.

ххх

21 октября 1976 года. В г. Экибастузе открыта центральная городская библиотека, объединившая 9 городских и 11 сельских библиотек с общим книжным фондом в 345 тыс. экземпляров. Первой зав. централизованной системой библиотек стала Т. Г. Барышева. Типовое двухэтажное здание имеет выставочный зал, абонемент, читальный зал и книгохранилище на 200 тыс. книг. Здание построено коллективом РСУ-1 треста «Иртышуглестрой».

## ҚАРАША

Екібастұзда КСРО Көмір министрлігінің ғылыми-техникалық кеңесінің ашық әдіс жұмыстары секциясы отырысы өтті.

Секция отырысы «Богатырь» кенішінің ӘТК-сінің мәжіліс залында ұйымдастырылды. Секция жұмысына Екібастұз қалалық партия комитетінің хатшысы Л. Г. Полюхович, КСРО Көмір министрлігінің ашық әдіс жұмыстары басқармасының бастығы В. Н. Журавлев, Көмір өнеркәсібі министрлігінің және салалық институттар қызметкерлері, елдің шығысында көмірді ашық әдіспен өндіретін көмір бірлестіктерінің өкілдері қатысты. Екібастұз көмір бассейнінде техникалық прогресті ары қарай дамыту бойынша ғылыми ізденістері мен қойылған міндеттерді орындаудың негізгі бағыттары айқындалды.

## НОЯБРЬ

В Экибастузе проведено заседание секции открытых работ научно-технического совета Минугля СССР. Заседание секции проходило в актовом зале АБК разреза «Богатырь». В работе секции, которой руководил академик Н. В. Мельников, приняли участие секретарь Экибастузского горкома партии Л. Г. Полюхович, начальник управления открытых работ Минугля СССР В. Н. Журавлев, сотрудники Минуглепрома и ряда отраслевых институтов, представители угольных объединений востока страны с открытой угледобычей. Определены основные направления решения поставленных задач и научных поисков по дальнейшему развитию технического прогресса в Экибастузском угольном бассейне.

## ЖЕЛТОҚСАН

Күніне 600 адамды қабылдау мүмкіндігі бар емхана мен 410 төсек орындық стационар бөлімі бар аурухана кешені іске қосылды. Мұнда хирургиялық (меңгерушісі Т. С. Нечаева), жарақат (меңг. Г. М. Титакова), кардиология (меңг. Г. А. Будкина), жан сақтау (меңг. З. Дощекеев), балалар (меңг. Г. М. Давыдова) және т.б. бөлімшелер болды. Медициналық бірлестік бас дәрігерінің сараптау жөніндегі орынбасары Ғ. К. Өлкебаева өнеркәсіптік кәсіпорындардың жұмысшыларын, мектеп оқушыларын, Екібастұз ауданының ауылшаруашылығы қызметкерлерін медициналық тексеруден өткізу жұмысын ұйымдастырды.

## ДЕКАБРЬ

Введен в эксплуатацию больничный комплекс с поликлиникой на 600 посещений в день и стационаром на 410 коек. Здесь открылись хирургическое (заведующая Т. С. Нечаева), травматологическое (заведующий Г. С. Бай Юн Куй), терапевтическое (заведующая Г.М Титакова.), кардиологическое (заведующая Г. А. Будкина), реанимационное (заведующий З. Дощекеев), детское (заведующая Г. М. Давыдова) и другие отделения. Заместитель главного врача медобъединения по экспертизе Г. К. Алькебаева организовала профилактические осмотры работников на промышленных предприятиях, учащихся в школах, сельских тружеников Экибастузского района.



*Витт*
*Анатолий Иванович*
*звание Героя*
*Социалистического*
*Труда присвоено*
*Указом Президиума*
*Верховного Совета*
*СССР 05.03.1976г.*



*Закладка основания дымовой трубы ГРЭС-1*






До пуска первого блока – 420 дней.



А мы монтажники – высотники.



Монтаж пусковой котельной ГРЭС-1

Екібастұз кеніштерінде осы жылы 50405 мың тонна көмір өндірілді.

В Экибастузе на разрезах за год добыто 50405 тысяч тонн угля.

xxx

Екібастұзда 720 оқушыға лайықталған кәсіптік техникалық училище мен «Экибастузуголь» коминатының шеберлерінің, бригадирлері мен жұмысшыларының біліктілігін көтеретін оқыту комбинатының құрылыстары басталды.

В Экибастузе началось строительство профтехучилищ на 720 человек и учебного комбината для повышения квалификации рабочих, бригадиров и мастеров комбината «Экибастузуголь».

xxx

1977 жылы Екібастұздың шығысында 17 шақырымдай жерде Атығай су жинау тоғаны құрылды.

В 1977 году создан накопитель Атыгай, расположенный в 17 км восточнее города Экибастуза.

xxx

1977 жылы Екібастұз донорлық пункті қалалық аурухананың қан құю бөлімшесі болып қайта құрылды, мұнда жылына 500-600 литр қан дайындалады. 1978-1988 жж. қан құю бөлімшесін хирург-дәрігер Н. М. Куликов (Құрметті донор) басқарды.

В 1977 году экибастузский донорский пункт преобразован в отделение переливания крови городской больницы, заготавливается 500-600 литров крови в год. В 1978-1988 г.г. заведующий ОПК врач-хирург Н. М.  Куликов (Почетный донор).

xxx

1977 жылы қалалық медициналық бірлестікте жарақат пункті ұйымдастырылды. Мұнда түскен науқастарға тәулік бойы шұғыл жәрдем беру қызметін хирург Ә. Т. Құсайынов басқарды.

В 1977 году в городском медобъединении организован травматологический пункт.  Круглосуточную работу врачей по оказанию срочной помощи поступающим больным возглавил хирург А.Т. Кусаинов.

## ҚАҢТАР

БЖЛКО ОК Екібастұз ГРЭС-тері нысандарын салуды Бүкілодақтық екпінді комсомол құрылысы деп жариялады. Екібастұзда БЖЛКО ОК-нің ЕОЭК құрылысына шефтік ету штабы құрылды. Штаб бастығы – Қазақстан ЛЖКО-ның хатшысы Г. Г. Зуев, орынбасары Ю. А. Казанцев.

## ЯНВАРЬ

ЦК ВЛКСМ объявил сооружение Экибастузских ГРЭС Всесоюзной ударной комсомольской стройкой. В Экибастузе создан штаб ЦК ВЛКСМ по шефству над строительством ЭТЭК. Начальник штаба – секретарь ЦК ЛКСМ Казахстана Г. Г. Зуев, заместитель – Ю. А. Казанцев.

xxx

Екібастұзда облыстық партия комитетінің хатшысы М. М. Макеевтің төрағалығымен Екібастұз 1-МАЭС-сы құрылысын бақылау бойынша облыстық штаб отырысы өтті. Отырыста белгілі болғандай, аталмыш құрылыста 2758 жұмысшы мен маман еңбектенуде.

xxx

В Экибастузе состоялось заседание областного штаба по контролю за строительством Экибастузской ГРЭС-1 под председательством секретаря обкома партии М. М. Макеева. Штабу доложено, что настоящая стройка насчитывает 2758 рабочих и специалистов.

## НАУРЫЗ

1977 жылдың 17 наурызын Кеңес Одағы энергетикасының дамуындағы «қызыл күн» деп атауға болар. Сол күні жазық далада Екібастұз 1-МАЭС-сы бас корпусы іргетасының алғашқы блогы құйылды. Бұл аса маңызды жұмыс осыдан кейінгі жылдары есімі сенімділіктің, табандылық пен жоғары кәсіби шеберліктің нышанындай болған Николай Едыхтың бригадасына тапсырылған еді. Құрылыс алаңының ауданы 25 ш.м. Бас корпустың параметрлері керемет: ұзындығы жарты километрден асады, ені – 132 метр, биіктігі – 64 метр. Әрқайсысының биіктігі 370 метр болатын түтін мұржаларын салу да бас корпус құрылысымен бір уақытта жүргізіліп жатты.

## МАРТ

17 марта 1977 года можно назвать «красным днем календаря» для развития большой энергетики Советского Союза. Тогда в голой степи был заложен первый блок фундамента на главном корпусе Экибастузской ГРЭС-1. Эту важную и ответственную работу было поручено выполнить бригаде Николая Едых. Строительная площадка раскинулась на 25 квадратных километрах. Параметры главного корпуса: длина – свыше полукилометра, ширина – 132 метра, высота – 64 метра. Параллельно началось возведение двух дымовых труб по 370 метров каждая.

xxx

1977 жылы 24 наурызда КОКП ОК мен КСРО Министрлер кеңесі «Екібастұз отын-энергетикалық кешенін құру және тұрақты кернеулігі 1500 киловольттық «Екібастұз-Орталық» электртасымалдау желісі құрылысын салу туралы» Қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес құрамына ірі көмір кеніштері, электртасымалдау желілері бар жылу электрстансалары (ЖЭС), теміржол транспорты мен халық шаруашылығының салалары кіретін Екібастұз және Майкөбе көмір бассейндері базасында қуатты отын-энергетикалық кешен (ЕОЭК) құру жоспарланды.

xxx

24 марта 1977 года ЦК КПСС и Совет Министров СССР приняли Постановление «О создании Экибастузского топливно-энергетического комплекса и строительстве линии электропередачи постоянного тока напряжением 1500 киловольт Экибастуз-Центр».

Этим постановлением предусмотрено создание на базе Экибастузского и Майкубенского угольных бассейнов мощного топливно-энергетического комплекса (ЭТЭК) в составе крупнейших угольных разрезов и тепловых электростанций (ТЭС) с линиями электропередачи, объектов железнодорожного транспорта и других отраслей народного хозяйства.

ххх

Ұзақтығы 23 км теміржол кіреберіс жолы уақытша пайдалануға берілді. Бұл жол Екібастұз стансасын 1-МАЭС-ғы құрылыс алаңдарымен байланыстырды.

ххх

Сдан во временную эксплуатацию железнодорожный подъездной путь длиной 23 километра, соединивший станцию Экибастуз с промышленно-строительной площадкой ГРЭС-1.

## МАМЫР

1977 жылдың мамырында 1-МАЭС құрылысын салуға құрамында елдің барлық республикаларынан жиналған 500 қыз-жігіт бар алғашқы Бүкілодақтық екпінді отряд келіп жетті, 1978 жылдың маусым айында 520 адамнан тұратын екінші отряд келді. Бұдан кейінгі жылдарда да құрылысқа комсомол екпінділері қосылып жатты.

## МАЙ

В мае 1977 года на строительство ГРЭС-1 прибыл первый Всесоюзный ударный отряд из 500 молодых посланцев многих республик страны; в июне 1978 г. – второй отряд из 520 чел. В последующие годы стройка не раз принимала бойцов комсомольских ударных отрядов.

ххх

«Заветы Ильича» газетінің редакторы, өлкетанушы П И. Оноприенко П. З. Ермаков атындағы журналистік сыйлықтың лауреаты атанды.

ххх

Редактор газеты «Заветы Ильича», краевед П. И. Оноприенко стал лауреатом журналистской премии им. П. З. Ермакова.

ххх

Таганрогтың «Красный котельщик» зауыты 1-МАЭС-на қажет алғашқы қазандық агрегаты тораптарын Екібастұзға жөнелтті.

ххх

Таганрогский завод «Красный котельщик» отправил в Экибастуз первые узлы первого котлоагрегата для ГРЭС-1.

## МАУСЫМ

Қаланың 20 жылдығына орай 30 жыл бойы құрылысшылар бригадасын басқарған Жәлел Мұқышевке, «Иртышуглестрой» тресінің бас маркшейдері, Қаз КСР-не еңбек сіңірген шахтер Николай Иванович Петренкоға «Екібастұз қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

## ИЮНЬ

В честь 20-летия города звание Почетный гражданин города Экибастуза присуждено: Жалелу Мукишеву – бригадиру-строителю с тридцатилетним стажем; Николаю Ивановичу Петренко – первопроходцу, главному маркшейдеру треста «Иртышуглестрой», заслуженному шахтеру Казахской ССР.

ххх

Қаланың 20 жылдық мерейтойына орай тұңғыш рет бір топ белсендіге «Екібастұз

ххх

Большой группе активистов впервые присвоено звание «Ветеран труда города

қаласының еңбек ардагері» атағы беріліп, олардың есімдері қаланың Құрмет кітабына жазылды. Олардың қатарында Б. М. Авербух, М. Ф. Возный, В. Ф. Гаврюшин, В. П. Голубев, З. Ф. Илюшкина, Н. Н. Колотев, И. Г. Кочерга, С. Қадыров, Ж. Мұқышев, Ж. Омашев, Х. Г. Хакимзянова, М. И. Чалбышев және т.б., барлығы 39 адам бар.

Экибастуза» с занесением в городскую Книгу Почета. Среди них: Б. М. Авербух, М. Ф. Возный, В. Ф. Гаврюшин, В. П. Голубев, З. Ф. Илюшкина, Н. Н. Колотев, И. Г. Кочерга, С. Кадыров, Ж. Мукишев, Ж. Омашев, Х. Г. Хакимзянова, М. И. Чалбышев и другие, всего 39 человек.

## ШІЛДЕ

Екібастұз 1-МАЭС-ғы бірінші түтін мұржасының іргесін қалауға алғашқы текше метр бетон әкелінді.

## ИЮЛЬ

В основание первой дымовой трубы Экибастузской ГРЭС-1 поданы первые кубометры бетона.

## ТАМЫЗ

Екібастұз 1-МАЭС-ғы бас корпустың қазаншұңқырында әлемде107 метр биіктікке 75 тонна жүкті көтеретін үшінші СКР-2200 алып краны монтаждалып, жұмысқа дайындалды.

## АВГУСТ

В котловане главного корпуса Экибастузской ГРЭС-1 смонтирован и подготовлен к работе мощный кран СКР-2200 – третий по счету в стране, поднимающий 75 тонн на высоту 107 метров.

## ҚЫРКҮЙЕК

Қалада КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің «Экибастузшахтострой» комбинаты құрылды (бастығы А. М. Фридлянд, бас инженері В. В. Мыслицкий), оған ЕОЭК-нің көмір өнеркәсібі бөлігінің құрылысын салу міндеті жүктелді.

xxx

«Экибастузуголь» ӨБ-нің құрамында «Степной» (кен аршу) кеніші құрылды (директоры А. И. Воробьев, бас инженері Г. И. Моргунов).

xxx

Павлодарда Бүкілодақтық «Теплоэнергопроект» мемлекеттік жобалау институты Новосибирск бөлімшесінің филиалы ретін-

## СЕНТЯБРЬ

В городе создан комбинат «Экибастузшахтострой» МУП СССР (на базе треста), на который были возложены обязанности по строительству угольной части ЭТЭКа (начальник А. М. Фридлянд, главный инженер В. В. Мыслицкий).

xxx

В составе ПО «Экибастузуголь» образован разрез «Степной (вскрышной)» (директор А. И. Воробьев, главный инженер Г. И. Моргунов).

xxx

В Павлодаре организован отдел комплексного проектирования Экибастузского топливно-энергетического комплек-

де Екібастұз отын-энергетикалық кешенін жобалау бөлімі ашылды.

## ҚАЗАН

«Богатырь» кенішінде ЭРШРД-5000 сериялы тұңғыш роторлы кешен пайдалануға берілді. Оны тас көмір кен орнында өнеркәсіптік сынақтан өткізу 1976 жылы наурызда «Богатырь» кенішінде басталып, 19 айдан соң аяқталған болатын.

ххх

Екібастұздың теміржол шаруашылығында 70 электровоз, 45 тепловоз, 36 дизельдік электровоз, 664 ауыр жүк вагон-думпкары, алуан мақсатқа арналған 200-ден аса вагон бар. Жолдың жалпы ұзақтығы 630 км, оның жартысы электрлендірілді.

ххх

«Богатырь» кенішінде Донецк зауытында жасалған жаңа ЭР-1250 роторлы экскаватор кенжарға қойылды.

ххх

Екібастұз 1-МАЭС -сы құрылысының өнеркәсіптік алаңындағы алғашқы қазандық іске қосылды. Ертіс-Қарағанды каналынан стансаның құрылыс алаңына дейін 9 шақырымдық сұқұбырының құрылысы аяқталды.

са – филиал Новосибирского отделения Всесоюзного государственного проектного института «Теплоэнергопроект».

## ОКТЯБРЬ

На разрезе «Богатырь» принят в эксплуатацию первый добычной комплекс ЭРШРД-5000.

Промышленные испытания его на разработке каменного угля начаты в марте 1976 года на разрезе «Богатырь» и завершены только через 19 месяцев. Государственная комиссия приняла роторный экскаватор производительностью 5000 тонн угля в час в постоянную эксплуатацию – самую мощную в стране угледобывающую машину Новокраматорского машзавода.

ххх

Железнодорожное хозяйство в Экибастузе насчитывает 70 электровозов, 45 тепловозов, 36 дизель-электровозов, 664 большегрузных вагона-думпкара, более 200 вагонов различного назначения. Общая длина пути составляет 630 км, почти половина их электрифицирована.

ххх

На разрезе «Богатырь» поставили в забой новый роторный экскаватор ЭР-1250 Донецкого машзавода.

ххх

Растоплен первый котёл на пусковом объекте этого года – котельной на промышленной площадке строительства Экибастузской ГРЭС-1. Закончено строительство 9 км водопровода от канала Иртыш-Караганда до строительной площадки станции.

## ҚАРАША

1977 жылы 4 қарашада «Экибастузшахтострой» тресі парткомының, әкімшілігі мен бірлескен құрылыс комбинаты мен комсомол комитетінің органы болып тіркелген көп таралымды «Ленинская искра» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Басылымның бас редакторы В. А. Федосенко болса, оны шығаруға Г. А. Никифорова, Л. Л. Кудрин, В. А. Голянский қатысты.

xxx

Павлодарлық журналист әрі жазушы С.П.Шевченконың сценарийі бойынша «Қазақфильм» студиясында режиссер В.Чугунов пен оператор В.Дудин «Ересен Екібастұз» («Большой Экибастуз») атты түрлі-түсті деректі фильм түсірілді.

xxx

Энергоқұрылысшылардың А.Сизинцев жетекшілік ететін комсомол-жастар бригадасына «Ұлы Октябрьдің 60 жылдығы атындағы бригада» атағы берілді. Осынау атаққа «Энергостроймонтаж» ҚБ-сының монтаждаушылар бригадасы ұжымы мерейтойға орай ұйымдастырылған социалистік жарыста жеткен жетістіктері үшін ие болды.

xxx

Ленин даңғылы бойындағы үшінші 9-қабатты үй тұрғындарға берілді.

xxx

Н. П. Мирошниченко басқаратын бетоншылар кешенді бригадасы Екібастұз 1-МАЭС -да бірінші турбогенератордың төменгі плитасын бетондауды аяқтады.

## НОЯБРЬ

4 ноября 1977 года вышел первый номер многотиражной газеты «Ленинская искра» – органа парткома, администрации, объединенного постройкома и комитета комсомола треста «Экибастузэнергострой». В его выпуске участвовали Г. А. Никифорова, Л. Л. Кудрин, В. А. Голянский. Главный редактор – В. А. Федосенко.

xxx

По сценарию павлодарского журналиста и писателя С. П. Шевченко на студии «Казахфильм» режиссером В. Чугуновым и оператором В. Дудиным создан цветной документальный фильм «Большой Экибастуз».

xxx

Комсомольско-молодежной бригаде энергостроителей В. А. Сизинцева присвоено звание «Бригада имени 60-летия Великого Октября». Этого высокого звания коллектив бригады монтажников из СУ «Энергостроймонтаж» удостоился за достижение наивысших показателей в социалистическом соревновании в честь юбилея.

xxx

Заселён на проспекте Ленина третий по счету 9-этажный дом.

xxx

Закончено бетонирование нижней плиты первого турбогенератора Экибастузской ГРЭС-1 комплексной бригадой бетонщиков Н. П. Мирошниченко.

## ЖЕЛТОҚСАН

«Экибастузуголь» ӨБ-нде «Богатырь» кенішінің 5 млн тонна көмір өндіретін жетін-

## ДЕКАБРЬ

В ПО «Экибастузуголь» введена в эксплуатацию седьмая очередь разреза «Бо-

ші кезегі іске қосылды. Осылайша, «Богатырь» кенішінің жылдық қуаты 35 млн тоннаға жетіп, ол әлемдегі ең ірі көмір кеніші атанды.

xxx

29 желтоқсанда Екібастұз кеншілері «Богатырь» кенішіндегі кенжарлардың бірінде В. Я. Игнатенко басқаратын бригада СРС (к)-470 № 4 экскаваторымен 50 миллионыншы көмір тоннасын вагондарға тиеді.

xxx

Екібастұз 1-МАЭС құрылысында бетон-қоспа зауытының ғимараты салынып бітті.

гатырь» на 5 млн т. Таким образом мощность разреза «Богатырь» достигла 35 млн т угля в год, и он стал одним из крупнейших угольных разрезов мира.

xxx

29 декабря горняки Экибастуза отгрузили с начала года 50-миллионную тонну угля в одном из забоев разреза «Богатырь» экскаватором СРС (к)-470 № 4 под руководством бригадира В. Я. Игнатенко.

xxx

На строительстве Экибастузской ГРЭС-1 закончено сооружение бетонно-растворного завода.



Мукишев Жалел – удостоен звания «Почетный гражданин города Экибастуза» в 1977г.



Петренко Николай Иванович– удостоен звания «Почетный гражданин города экибастуза» в 1977г.



Комсомольско-молодежная бригада Сизинцева В.А.



Укладка первых блоков будущей электростанции.




*Трест «Экибастузэнергострой»*
*на первомайской демонстрации*



*Монтаж первых колонн станции.*




*В штабе ударной Всесоюзной*
*комсомольской стройки часов не замечали.*

Екібастұз кеніштерінде осы жылы 56612 мың тонна көмір өндірілді.

xxx

1978 жылы Екібастұз қаласы, Екібастұз, Баянауыл аудандары тұрғындарына қызмет көрсету мақсатында Павлодар облыстық мемлекеттік мұрағатының Екібастұз филиалы құрылды.

xxx

Екібастұз 1-МАЭС өнеркәсіптік алаңында 530 орындық алғашқы үлкен асхана мен 1000 тонны көкөніс пен картопты сақтау қоймасы салынды.

xxx

ЕОЭК-нің дамуына байланысты Екібастұз жөндеу-механикалық зауыты дәнекерленген конструкциялар мен металл бұйымдары зауыты болып қайта құрылды.

xxx

Екібастұзда 66,3 мың ш.м. тұрғын үй, 420 орындық екі балабақша, 1496 оқушыға лайықталған мектеп пен ас әзірлеу асханасы бой көтерді.

xxx

Электр қуаты артып, ЕОЭК құрылысы дамуына байланысты 1978 жылы тамызда «Екібастұз жоғары вольтты электр желілері кәсіпорны» құрылып, кейін (1981 жылы) ол «Экибастузэнерго» өндірістік бірлестігінің құрамына енді.

В Экибастузе на разрезах за год добыто 56612 тонн угля.

xxx

В 1978 году создан Экибастузский филиал Павлодарского облгосархива для обслуживания населения г. Экибастуза, Экибастузского и Баянаульского районов.

xxx

На промышленной площадке строительства Экибастузской ГРЭС-1 построена первая крупная столовая на 530 мест и овощехранилище на 1000 тонн овощей и картофеля.

xxx

Экибастузский ремонтно-механический завод преобразован в завод сварных конструкций и металлоизделий в связи с развитием ЭТЭКа.

xxx

В Экибастузе построено жилых зданий площадью 66,3 тыс. кв. м, два детсада на 420 мест, школа на 1496 учащихся, заготовочная столовая.

xxx

В связи с ростом электрических мощностей, строительства ЭТЭК, в августе 1978 года создано новое предприятие «Экибастузское предприятие высоковольтных электрических сетей» (ЭПВЭС), которое затем (в 1981 году) вошло в состав производственного объединения «Экибастузэнерго».

## ҚАҢТАР

Ертіс-Қарағанды каналынан 1-МАЭС өнеркәсіптік алаңына дейін 9 шақырымдық

## ЯНВАРЬ

Завершено строительство 9-километрового водопровода от канала Иртыш-Кара-

су құбырының құрылысы аяқталды. Қазандыққа, бетон-қоспа торабына, құрылысшылардың тұрмыстық қажетіне арналған Ертіс суы мұнда құбырдың екі тармағын бойлай келіп жатты.

ганда до промплощадки ГРЭС-1. По двум ниткам этого водовода иртышская вода поступила в котельную, бетонно-растворный узел, на бытовые нужды строителей.

## АҚПАН

«Электросибмонтаж» басқармасының ұжымы Екібастұз 1-МАЭС -сы бас корпусына жақын маңда алғашқы электр қосалқы стансасын монтаждауды бастады.

xxx

Екібастұз 1-МАЭС-ның өнеркәсіптік алаңында тұрмыстық ғимараттарды, асхана, бетон зауыты мен мазут шаруашылығын жылыту мақсатында қазандық іске қосылды.

xxx

Екібастұзда бірінші болып «Екібастұзкөмір» ӨБ-нің ТТЖЖ зауытының токарі, Гаванадағы (Куба) Бүкіләлемдік жастар фестивалінің қатысушысы В. А. Валярға Ленин комсомолы атындағы сыйлығы тағайындалды. Ол БЛКЖО ОК өндіріс резервтерін тиімді пайдаланып, ғылыми-техникалық шығармашылық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін марапатталды.

Бұдан кейін әр жылдарда «Богатырь» кеніші №7 ЭРШРД-5000 роторлы кешеннің аға машинисі В.В.Старков (1979 ж.) «Экибастузэнергострой» тресі 1-МАЭС ҚБ-сы бетоншы-ұсталар бригадирі Т. Н. Сәрсембин (1979 ж.), «Экибастузэнергострой» тресі «Энергостроймонтаж» ҚБ-сының монтаждаушы-электр дәнекерлеуші В. Г. Чмелев (1982 ж.), «Энергоотделпромстрой» ҚБ-сы әрлеушілер бригадирі Р. М. Баймулдина – (1983 ж.), «Екібастұзкөмір» ӨБ ТТБ ТЭ-3 тепловозы комсомол-жастар экипажының бригадирі Г. А. Снегирев (1985 ж.), «Экибастузэнергострой» тресі «Энергоотделпромстрой» ҚБ-сының сылақшысы, әрлеушілер бригадасының комсомол

## ФЕВРАЛЬ

Начат монтаж первой электрической подстанции недалеко от главного корпуса Экибастузской ГРЭС-1 коллективом управления «Электросибмонтаж».

xxx

Пущена в строй котельная на промышленной площадке Экибастузской ГРЭС-1 для обогрева бытовых помещений, столовой, бетонного завода и мазутного хозяйства.

xxx

В. А. Валяру – токарю завода РГТО ПО «Экибастузуголь», участнику Всемирного фестиваля молодежи в Гаване (Куба), первому в Экибастузе присуждена премия имени Ленинского комсомола. Награжден за выдающийся вклад в эффективное использование резервов производства и активное участие в научно-техническом творчестве.

Лауреатами премии Ленинского комсомола в разные годы стали также В. В. Старков – старший машинист роторного комплекса ЭРШРД-5000 №7 разреза «Богатырь» (1979 г.), Т. Н. Сарсембин – бригадир плотников-бетонщиков СУ ГРЭС-1 треста «Экибастузэнергострой» (1979 г.), В. Г. Чмелев – монтажник-электросварщик СУ «Энергостроймонтаж» треста «Экибастузэнергострой» (1982 г.), Р. М. Баймулдина – бригадир отделочников СУ «Энергоотделпромстрой» (1983 г.), Г. А. Снегирев – бригадир комсомольско-молодежного экипажа тепловоза ТЭ-3 ПТУ ПО «Экибастузуголь» (1985 г.), О. В. Диппершмидт – штукатур-маляр из

ұйымдастырушысы О. В. Диппершмидт (1987 ж.) Ленин комсомолы сыйлығының иегерлері атанды.

ххх

«Северный», «Центральный», «Южный» көмір кеніштерін техникалық су құбыры құрылысын салумен қоса қайта құрастыру басталды. Кейін аталмыш кеніштер бір ғана «Северный» кеніші болып қайта құрылды.

ххх

«Казсевсельпроект» институты Екібастұзға арнап есептеу орталығы бар әкімшілік ғимараттары кешені жобасын жасауға кірісті.

## СӘУІР

Екібастұз 1-МАЭС-сы өнеркәсіптік аланында адамдарды «Ертіс-Қарағанды» каналынан ауыз-сумен қамтамасыз ету мақсатында «Струя» типті тазарту ғимараты іске қосылды.

ххх

1978 жылы сәуірде Екібастұз екі бірдей Бүкілодақтық екпінді комсомол құрылысы жүріп жатқан қала атанады.

## МАУСЫМ

Екібастұз 1-МАЭС құрылысы басқармасының Ф. Г. Фаттахов жетекшілік ететін кешендік бригада стансаның бас корпусындағы бірінші қазандық пен диірменнің іргетасын бетондауға кірісті.

ххх

Жақында ғана монтаждалған СКР-2200 сериялы екінші кран алғашқы ірі габаритті металл форманы 75 метр биіктікке көтерді.

СУ «Энергоотделпромстрой» треста «Экибастузэнергострой», комсорг бригады отделочников (1987 г.).

ххх

Начата реконструкция угольных разрезов «Северный», «Центральный» и «Южный» строительством технического водовода с последующим преобразованием их в один разрез «Северный».

ххх

Институт «Казсевсельпроект» начал разрабатывать для Экибастуза проект комплекса административных зданий с вычислительным центром.

## АПРЕЛЬ

Начали работать очистные сооружения типа «Струя» на промышленной площадке Экибастузской ГРЭС-1 для снабжения людей питьевой водой из канала «Иртыш-Караганда».

ххх

В апреле 1978 года Экибастуз становится городом двух Всесоюзных ударных комсомольских строек.

## ИЮНЬ

Комплексная бригада из управления строительства Экибастузской ГРЭС-1 под руководством бригадира Ф. Г. Фаттахова начала бетонирование фундаментов в главном корпусе станции под первый котёл и мельницу.

ххх

Недавно смонтированный второй кран СКР-2200 на 75-метровую отметку поднял первую крупногабаритную металлическую ферму Экибастузской ГРЭС-1.

## ШІЛДЕ

«Богатырь» кенішінің шығыс жақ шығаберіс жолы мен кеніш құрылысының 8-кезегі нысандарының бірі – Ақбидайық стансасы пайдалануға берілді.

## ИЮЛЬ

В эксплуатацию сдан восточный выход из разреза «Богатырь» вместе со станцией «Акбидаик» – один из объектов 8-й очереди строительства разреза.

## ҚЫРКҮЙЕК

1978 жылы 1 қыркүйекте Екібастұз кен орны мен Воскресен теміржолының төтенше комиссары Сергей Ионович Царев ескерткішінің салтанатты ашылуы өтті. Ескерткіштің авторы – №1 орта мектеп мұғалімі С. П. Пантелеев. Комиссардың келбеті «Экибастузуголь» ӨБ ТТЖЖ зауытында озат жұмысшы И. А. Гольшей құйды. Ескерткіш комиссардың есімімен аталатын көшеге орнатылды.

## СЕНТЯБРЬ

1 сентября 1978 года в г. Экибастузе был торжественно открыт памятник Чрезвычайному комиссару Экибастузских угольных копей и Воскресенской железной дороги Степану Ионовичу Цареву. Автор памятника – учитель средней школы № 1 С. П. Пантелеев. Горельеф комиссара отлит на заводе РГТО ПО «Экибастузуголь» передовым литейщиком И. А. Гольшей. Памятник установлен в сквере улицы, носящей имя первого комиссара.

xxx

130 орындық залы бар асхана пайдалануға берілді.

Строительная көшесінде бой көтерген бұл ғимаратта «Әсем» мейрамханасы, тағам әзірлеу цехы, жартылай фабрикаттар дүкені орналасты. Оны «Экибастузуголь» ӨБ КҚБ тұрғызды.

xxx

Введена в эксплуатацию столовая-заготовочная с залом на 130 посадочных мест.

В этом здании по ул. Строительной, возведенном РСУ ПО «Экибастузуголь», разместились: ресторан «Асем», заготовочные цеха и магазин полуфабрикатов.

xxx

МАЭС ҚБ-сының П.В.Зайцев басқаратын бригадасы Екібастұз 1-МАЭС -сында сорғы стансасын монтаждауға кірісті.

xxx

Начат монтаж насосной станции №1 на Экибастузской ГРЭС-1 бригадой П. В. Зайцева из СУ ГРЭС.

## ҚАЗАН

«Екібастұзкөмір» ӨБ-нде Екібастұз бассейні игеріле басталғалы бері көмірдің 500 миллионыншы тоннасы өндірілді.

Мерейтойлық тонна көмірді тиеу құрметіне Д. Я. Заголовцев басқаратын ЭРГ-100ДЦ роторлы экскаваторы бригадасы ие болды. Ал оны тасымалдау құрметі П. Д. Резепов басқаратын электровоз машинистері бригадасына берілді.

## ОКТЯБРЬ

В ПО «Экибастузуголь» добыта 500-миллионная с начала освоения бассейна тонна угля.

Почетное право погрузки юбилейной тонны угля завоевала бригада роторного экскаватора ЭРГ-400ДЦ во главе с Д. Я. Заголовцевым, а право транспортировки – бригада машиниста электровоза П. Д. Резепова.

xxx

Екібастұзда Киев «УкрНИИпроект» институтының ғылыми-зерттеу бөлімі ашылды.

xxx

В Экибастузе образован научно-исследовательский отдел Киевского института «УкрНИИпроект» (начальник к.т.н. Г. Т. Ситкарев).

xxx

1978 жылы екібастұздық бірнеше кеншіге ғылым және техника саласы бойынша КСРО Мемлекеттік сыйлығы табысталды.

Осынау марапатқа бірлестіктің бас директоры С. П. Куржей, өндіріс жөніндегі директор Н. М. Белик, бас инженер И. П. Федотов, бас механик С. Шешембеков, роторлы экскаватор машинисі Б. Г. Гудыменко, ӨТБ бастығы В.Ф.Гаврюшин, сондай-ақ «Казпромтехмонтаж» тресінің учаске бастығы А. П. Гусев ие болды.

xxx

В 1978 году нескольким горнякам Экибастуза была присуждена Государственная премия СССР в области науки и техники. Лауреатами стали: генеральный директор объединения С. П. Куржей, директор по производству Н. М. Белик, главный инженер И. П. Федотов, главный механик С. Ш. Шешембеков, машинист роторного экскаватора Б. Г. Гудыменко, начальник погрузочно-транспортного управления В. Ф. Гаврюшин. Лауреатом стал также начальник участка треста «Казпромтехмонтаж» А. П. Гусев.

## ЖЕЛТОҚСАН

5 желтоқсанда «Экибастузуголь» ӨБ-нің монтаждау алаңынан «Богатырь» кеніші 8-кезегінің құрылысына арналған екінші ЭРШРД-5000 роторлы кен өндіру кешені шығарылды.

xxx

«Екібастұзкөмір» ӨБ-нде «Богатырь» кенішінің сегізінші кезегі пайдалануға беріліп алпауыт кеніштің жылдық қуаты 42,5 млн тоннаға жетті, сөйтіп «Богатырь» кеніші әлемдегі ең ірі тау-кен өндіру кәсіпорындары қатарына енді.

xxx

1978 жылы желтоқсанда КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігі КСРО жылдық қуаты 20 млн тонна көмір өндірілетін «Восточный» кенішінің құрылысына техникалық-экономикалық негіздемелерді бекітті, кейіннен кеніштің жылдық қуаты 30 млн тонна

## ДЕКАБРЬ

5 декабря с монтажной площадки производственного объединения «Экибастузуголь» сошёл второй роторный добычной комплекс ЭРШРД-5000, предназначенный для строящейся 8-й очереди разреза «Богатырь».

xxx

Введена в эксплуатацию восьмая очередь разреза «Богатырь», мощность предприятия достигла 42,5 млн тонн угля в год, что позволило разрезу встать в один ряд с крупнейшими в мире горными предприятиями.

xxx

В декабре 1978 года Минуглепром СССР утвердил технико-экономическое обоснование (ТЭО) на строительство разреза «Восточный» мощностью 20 млн т, позже подняв мощность до 30 млн т угля в год. В

кемір өндіруге жетті. Осы жылы «Майкөбе» кенішін салудың ТЭН-і жасалды.

xxx

28 желтоқсанда Екібастұз 1-МАЭС-де алғашқы қазандықты монтаждауды бастауға орай құрылысшылар, монтаждаушылар мен пайдаланушылар митинг өткізді. Қазандықтың бірінші блогын «Средазэнергомонтаж» тресіндегі Б. Аралбаевтың монтажшылар бригадасы дәнекерледі.

xxx

1978 жылдың желтоқсаны. «Қазақстан» баспасынан павлодарлық журналист, жазушы С. П. Шевченконың «Екібастұз» атты жаңа кітабы (1-басылым) 10500 дана болып шықты.

xxx

Екібастұзда 2000 нөмірлі жаңа телефон стансасы іске қосылды.

этом же году разработано ТЭО на строительство разреза «Майкубенский».

xxx

28 декабря на Экибастузской ГРЭС-1 состоялся митинг строителей, монтажников, эксплуатационников, посвящённый началу монтажа первого котлоагрегата. Первый его блок сварила бригада Б. Аралбаева из треста «Средазэнергомонтаж».

xxx

Декабрь 1978 года. Из печати в издательстве «Казахстан» вышла новая книга павлодарского журналиста и писателя С. П. Шевченко «Экибастуз» (1-е издание) тиражом 10500 экземпляров.

xxx

Введена в действие новая телефонная станция в Экибастузе на 2000 номеров.



Никифоров
Геннадий Алексеевич –
первый секретарь
Экибастузского
горкома Компартии
Казахстана
VIII.1978-VI.1982



Байжанов
Сабит Муканович –
председатель
исполнительного
комитета Экибастузского
городского Совета
народных депутатов
VIII.1978-I.1981



Гусев
Алексей Павлович –
инженер треста
«Казпромтехмонтаж»,
Лауреат
Государственной
премии СССР 1978г.



Лауреаты Государственной премии СССР 1978 года
за внедрение роторной техники
в Экибастузском каменноугольном месторождении.
Шешембеков Сериклай, Гудыменко Борис
Григорьевич, Гаврюшин Василий Федорович,
Куржей Станислав Павлович, Белик Николай
Митрофанович, Федотов Иван Петрович



1978 г. Бригада А.А. Шишлова



Первые очертания великой стройки.



Экибастузскую ГРЭС-1 строила вся советская страна.



1979 жылдың басында Екібастұз өңірінің халық саны 88055 адам болды, оның 72964-і – қалалық, 15091-і ауылдық.

Численность населения Экибастузского региона в 1979 году составляла 88055 человек, из них городское– 72964, сельское – 15091.

xxx

1979 жылы Екібастұз 2-МАЭС-ң құрылысы басталды. Қазақстан Энергетика министрлігінің 3.05.1979 жылғы № 86 бұйрығына сәйкес салынып жатқан 2-МАЭС-ның дирекциясы құрылды.

В 1979 году были начаты строительные работы на площадке Экибастузской ГРЭС-2. На основании приказа Минэнерго Казахстана №86 от 03.05.1979 года была организована дирекция строящейся ГРЭС-2.

xxx

1979 жылы қалада Кеншілердің мәдениет сарайы, 10 кітапхана, 2 кинотеатр, 18 қызыл бұрыш пен 49 көркемөнерпаздар үйірмесі кеншілер мен құрылысшыларға мәдени қызметтер көрсетті.

В 1979 году культурное обслуживание шахтёров и строителей осуществляли Дом культуры горняков, 10 библиотек, 2 кинотеатра, 18 красных уголков и 49 кружков художественной самодеятельности.

xxx

Екібастұз кеніштерінде осы жылы 59359 мың тонна көмір өндірілді.

В Экибастузе за год добыто на разрезах 59359 тысяч тонн угля.

xxx

1979 жылы 197-ҚМК ұжымы Ертіс-Қарағанды каналы арқылы Екібастұз 1-МАЭС-на кірме жолдарға апарар екі көпір салды.

В 1979 году коллектив СМП-197 возвел два моста через канал Иртыш – Караганда для подъездных путей на Экибастузскую ГРЭС-1.

xxx

1979 жылы өндірістік қуаты жылына 30 млн тонна көмір өндіретін «Восточный» кенішінің құрылысы басталды.

Начато строительство разреза «Восточный» проектной мощностью 30 миллионов тонн в год.

xxx

Екібастұзда ескі теміржол вокзалы ғимаратында тың жерлерді игерудің 25 жылдығына орай кезінде вокзал перронына келіп түскен алғашқы тыңгерлерге арналған мемориалдық тақта ашылды.

На здании старого железнодорожного вокзала в Экибастузе в связи с 25-летием освоения целинных земель открыта мемориальная доска в честь первоцелинников.

## ҚАҢТАР

Екібастұзда КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің «Көміравтоматикаодағы» БӨБнің МРБ-сы (монтаждау-реттеу басқармасы) құрылды.

xxx

«Экибастузуголь» ӨБ-нде жаңа өндірістік бірлік – «Богатырьская» ТТБ (бастығы М. П. Богомяков, бас инженері Л. С. Ересько) құрылды.

xxx

1979 жылы 27 қаңтарда Транспорттық құрылыс министрінің 19-ГОРЕМ -сын Аркалықтан ЕОЭК-ні құрылысына қатысу үшін Екібастұзға көшіру туралы бұйрығы келді.

xxx

«Екібастұзкөмір» ӨБ «Богатырь» кеніші ұжымына Кеңестік бейбітшілік қоры басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталып, естелік медалі табысталды.

## ЯНВАРЬ

В Экибастузе образовано МНУ (монтажно-наладочное управление) ВПО «Союзуглеавтоматика» Минуглепрома СССР.

xxx

В ПО «Экибастузуголь» создана производственная единица – Богатырское ПТУ (начальник М. П. Богомяков, главный инженер Л. С. Ересько).

xxx

27 января 1979 года получен приказ министра транспортного строительства о передислокации ГОРЕМ-19 из Аркалыка в Экибастуз на строительство ЭТЭКа.

xxx

Коллектив разреза «Богатырь» ПО «Экибастузуголь» награжден Почетной грамотой и памятной медалью правления Советского фонда мира.

## АҚПАН

Екібастұздан Бозшакөлге дейінгі қуаты 220 киловольт, қашықтығы 62 шақырым электр тасымалдау желісі пайдалануға берілді.

## ФЕВРАЛЬ

Сдана в эксплуатацию 62-километровая линия электропередачи от Экибастуза до Бозшеколя мощностью 220 киловольт.

## НАУРЫЗ

Екібастұз педучилищесінде мектепке дейінгі мекемелер тәрбиешілері мамандығы бойынша білім алған алғашқы түлектердің салтанаты ұйымдастырылды. 21 түлекке дипломдары тапсырылды: № 1 үздік диплом иесі Т.Кондакова. Бұл уақытта училищенің үш бөлімінде – бастауыш мектеп, музыкалық және мектепке деінгі тәрбие беру бөлімдерінде 560 адам білім алып жатты.

## МАРТ

В Экибастузском педучилище состоялся первый выпуск воспитателей дошкольных учреждений. Дипломы получены 21 выпускницей: первый диплом с отличием вручен Т. Кондаковой. В трех отделениях – школьном, музыкальном и дошкольном – обучаются более 560 человек.

xxx

1979 жылдың наурыз айы. Екібастұзда 500 мыңнан аса дана кітап қоры бар 46 кітапхана жұмыс істеді.

xxx

В Экибастузе насчитывалось 46 библиотек всех ведомств с книжным фондом свыше 500 тыс. экземпляров.

xxx

20 наурызда Г. П. Ананьеваның бригадасы Екібастұз 1-МАЭС-ның биіктігі 330 м екінші түтін мұржасын бетондауды бастады.

xxx

20 марта бригадой Ананьева Г. П. началось бетонирование второй дымовой трубы Экибастузской ГРЭС-1 высотой 330 м.

xxx

Екібастұзда облыстық филармонияның филиалы ұйымдастырылды.

xxx

Организован филиал областной филармонии в Экибастузе.

xxx

1 сәуірде 19-ГОРЕМ-нің 100 адамнан тұратын отряды ЕОЭК құрылысы жұмыстарына кірісті.

xxx

1 апреля отряд ГОРЕМ-19 из 100 человек приступил к работе на строительстве ЭТЭКа.

## МАУСЫМ

1979 жылдың маусымы. Екібастұзда сәулетшілер одағының басқарма төрағасы, Республикалық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы төрағасының орынбасары Ш. Е. Уәлихановтың жетекшілігімен Қазақстан сәулетшілері одағының 2-Пленумы өтті. Пленумда республиканың шағын және орта қалаларын дамытудың проблемалары талқыланды.

xxx

12 маусымда 19-ГОРЕМ-нің (Бас жөндеу пойызы) ӘТК-нің бірінші нысаны пайдалануға берілді.

## ИЮНЬ

В г. Экибастузе проходило заседание 2-го Пленума Союза архитекторов Казахстана под руководством председателя правления Союза архитекторов, заместителя председателя Республиканского общества охраны памятников истории и культуры Ш. Е. Валиханова по проблемам развития средних и малых городов республики.

xxx

12 июня в ГОРЕМ-19 сдан в эксплуатацию первый объект АБК.

## ШІЛДЕ

1979 жыл, шілде айының аяғы-тамыз айының басы. «Павлодар – Екібастұз энеркәсіптік кешені мен баспасөз» тақырыбында журналистердің алғашқы Бүкілодақтық лездемесі ұйымдастырылды. Оған «Правда», «Известия», «Труд», «Сельская жизнь», «Гудок», «Строительная газета», «Социалистическая индустрия», «Казах-

## ИЮЛЬ

Прошла первая Всесоюзная летучка журналистов по теме: «Павлодар–Экибастузский промышленный комплекс и печать», в которой приняли участие журналисты Павлодара, Москвы, Алма-Аты, Омска, Новосибирска, Караганды, Ташкента, Барнаула, Усть-Каменогорска и других городов, представлявших газеты «Правда»,

станская правда» т.б. газеттердің Павлодар, Мәскеу, Алматы, Омбы, Новосібір, Қарағанды, Ташкент, Барнаул, Өскемен, және т.б. қалалардағы өкілдері қатысты. Лездемеге қатысушылар «Богатырь» кенішінде болып, Павлодар мен Екібастұз қалаларындағы құрылыс нысандарын аралады, Ермак ферроқорытпа зауыты мен Екібастұз 1-МАЭС-ның құрылысымен танысты.

«Известия», «Труд», «Сельская жизнь», «Гудок», «Строительная газета», «Социалистическая индустрия», «Казахстанская правда» и др.. Участники летучки побывали на угольном разрезе «Богатырь», на строительных объектах Павлодара и Экибастуза, на Ермаковском заводе ферросплавов и на строительстве Экибастузской ГРЭС-1.

## ҚЫРКҮЙЕК

1568 оқушыға лайықталған жаңа № 9 орта мектепте (директоры Қ. Б. Садықов) сабақ басталды. 19-шағын ауданда бой көтерген типтік мектеп ғимаратын энергоқұрылысшылар салған еді.

xxx

Қаз КСР Министрлер кеңесі «Екібастұз қаласының бас жоспары туралы» қаулы қабылдады. ЕОЭК орталығы – Екібастұз қаласының дамуы отын, энергетикалық, машина құрылысы, тамақ және жеңіл өнеркәсіптері базасында, құрылыс индустриясы мен өнеркәсіптік құрылыс материалдары кәсіпорындарының негізінде белгіленген. Болжамды есептік кезеңдердегі халық саны былай көрсетілген: 1 кезек – 1985 ж. – 130 мың. адам, 2 кезек – 2005 ж. – 420-250 мың. адам.

## СЕНТЯБРЬ

Начались занятия в новой средней школе № 9. Типовое здание школы на 1568 учащихся (директор К. Б. Садыков) в 19-ом микрорайоне сооружено энергостроителями.

xxx

Принято Постановление Совмина КазССР «О генеральном плане г. Экибастуза». Город Экибастуз – центр ЭТЭКа – будет развиваться на базе топливной, энергетической, машиностроительной, пищевой и легкой промышленности, предприятий стройиндустрии и промышленности стройматериалов. Численность населения по расчетным периодам: 1 очередь – 1985 г. – 130 тыс. чел., 2 очередь – 2005 г. – 420-250 тыс. чел.

## ҚАЗАН

1979 жылы 8 қазанда Жангелді көлі маңындағы шұңқырда (Екібастұз 1-МАЭС-сы осы көлдің жағасында) дайындалған су қоймасы Ертіс-Қарағанды каналынан аққан сумен толтырыла бастады.

xxx

Ауыспалы токтағы Екібастұз-Целиноград учаскесінде теміржол магистралін электрлендіру аяқталды. Екібастұз көмірін тиеген алғашқы вагондар құрамын электровоз машинисі С. Б. Түребаев жүргізді.

## ОКТЯБРЬ

8 октября 1979 года началось заполнение водохранилища, подготовленного на котловане оз. Жангельды (на его берегу расположилась Экибастузская ГРЭС-1), водой из канала Иртыш – Караганда.

xxx

Завершена электрификация железнодорожной магистрали на участке Экибастуз-Целиноград на переменном токе. Первый состав с экибастузским углем провел машинист электровоза С. Б. Туребаев.

xxx

Екібастұзда Новоселов көшесінде комсомолдар үйінің құрылысы басталды, оның құрылысын «Экибастузшахтострой» комбинатының комсомолдары жұмыстан бос уақытта жүргізді.

xxx

На улице Новосёлов в Экибастузе началось строительство комсомольского дома, который строят комсомольцы комбината «Экибастузшахтострой» в свободное от работы время.

xxx

3 қазанда бірінші энергоблокты іске қосар алдында атқарылатын операцияларды жүзеге асыру үшін Екібастұз 1-МАЭС-ның бас корпусына тұрақты кестеге сәйкес ток берілді.

xxx

3 октября подано напряжение по постоянной схеме в главный корпус Экибастузской ГРЭС-1 для предпусковых операций первого энергоблока.

## ҚАРАША

27 қарашада Екібастұз 1-МАЭС -да бірінші энергоблоктың қазандығын монтаждау аяқталды. Қазандықтың өнімділігі – сағатына 1650 тонна бу. Қазандықта әр сағат сайын 6 вагон көмір жағылады.

## НОЯБРЬ

27 ноября завершён монтаж котла первого энергоблока Экибастуза ГРЭС-1. Производительность котла – 1650 тонн пара в час. В топке котла будет сгорать каждый час 6 вагонов угля.

xxx

Екібастұзға кіре берісте стелланың жанында Екібастұз түбегейлі өзгерту кешенінің алғашқы нысандарының құрылысы басталды. Тұрақты токтағы Екібастұз-Орталық жоғары вольтты электр тасымалдау желісі осы жерде басталады.

xxx

Рядом со стелой у въезда в Экибастуз началось строительство первых объектов Экибастузского преобразовательного комплекса, откуда возьмёт начало высоковольтная линия электропередачи постоянного тока Экибастуз-Центр.

xxx

«Южный» кен аршу кенішінің сынақ алаңында Днепропетровск электровоз құрылысшыларының Екібастұз үшін арнайы жасаған, жаңа күш тарту электровозы сынақтан өтуде.

xxx

На опытном участке вскрышного разреза «Южный» проходит испытание новый тяговый электровоз, построенный специально для Экибастуза электровозостроителями Днепропетровска, единственный в стране.

## ЖЕЛТОҚСАН

«Екібастұзкөмір» ӨБ-нде ЭРП-2500 сериялы бірінші роторлы экскаватор өндірістік тәжірибелік пайдалануға қабылданды.

## ДЕКАБРЬ

В ПО «Экибастузуголь» принят в опытно-промышленную эксплуатацию первый роторный экскаватор ЭРП-2500.

xxx

«Богатырь» кенішінің тоғызыншы кезегі пайдалануға берілді. Оның жылдық өндірістік қуаты 50 млн тонна көмірге жетіп, көмір өндіру көлеміне қарай ол әлемдегі ең ірі кенішке айналды.

xxx

На разрезе «Богатырь» введена в эксплуатацию девятая очередь мощностью на 7,5 млн тонн угля. Его производственная мощность достигла 50 млн тонн угля в год, и он по размерам добычи стал самым крупным угольным разрезом в мире.

xxx

1979 жылы 5 желтоқсанда екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш-ғарышкер А. А. Губарев Екібастұзға келіп, ЕОЭК-і нысандарын аралап, еңбеккерлермен кездесу кезінде мәртебелі қонаққа «Екібастұз қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

xxx

Дважды Герою Советского Союза летчику-космонавту А. А. Губареву во время его пребывания 5 декабря 1979 года в Экибастузе, посещения им объектов ЭТЭКа, встреч с трудящимися присвоено звание «Почетный гражданин города Экибастуза».

xxx

1979 жылы 15 желтоқсанда 1-МАЭС-ның қазандық агрегаты 360 атмосфералық гидравликалық сынақтан сәтті өтті. Мемлекетті техникалық бақылау инспекциясы агрегатты пайдалануға болатыны жайлы актіге қол қойды. 1-МАЭС-да қазандық бөлімшесінің қуаты секунд сайын 3,5 тонна суды буға айналдырып қана қоймай, 255 атмосфералық қысымды ұстап тұруға мүмкіндік береді.

xxx

15 декабря 1979 первый котлоагрегат ГРЭС-1 успешно прошёл гидравлические испытания в 360 атмосфер. Был подписан акт инспекции гостехнадзора о возможности его эксплуатации. Мощность котельного отделения ГРЭС-1 позволяла ежесекундно не только превращать в пар 3,5 тонны воды, но и поддерживать давление в 255 атмосфер.

xxx

30 желтоқсанда Екібастұз-Целиноград теміржолының электрлендірілген учаскесінің ашылуы өтті. Екібастұз стансасынан алғашқы электр пойызы Оралға аттанды.

xxx

30 декабря состоялось открытие электрифицированного участка железной дороги Экибастуз-Целиноград. Первый электропоезд отошёл со станции Экибастуз на Урал.



Губарев
Алексей Александрович – удостоен звания «Почетный гражданин города Экибастуза» в 1979г.



Космонавт Губарев А.А. на встрече со строителями ГРЭС-1.



Министр энергетики СССР Непорожний П.С., председатель Совета Министров Казахской ССР Назарбаев Н.А. на закладке фундамента ГРЭС-2





Авербух Б.М., Касымжанов Т.К. и Хмельницкий Л.Л. внесли большой вклад в развитие Экибастуза.



Хакимзянова Х.Ф. – заслуженный учитель Казахской ССР.



1980 жылы «Богатырь» кеніші әлемдегі ең қуатты көмір кеніші ретінде Гиннестің рекордтар кітабына енді.

ххх

1980 жылы ай сайын Екібастұздан темір-жол арқылы 12 мың адам жолға шығатын болды, 1988 жылы бұл көрсеткіш 24 мыңға жетті.

ххх

1980 жылы Екібастұз ЖЭО-да 5 жаңа қазандық орнатылып, соның арқасында қаланың жаңа тұрғын-үй шағын аудандары жылумен қамтылды.

ххх

«Жалын» баспасынан (Алматы) Е.Н.Гусляровтың Екібастұз 1-МАЭС-сы құрылысы жайлы баяндайтын «Энергоград» кітабы жарық көрді.

## ҚАҢТАР

Қаланың 2-Школьный шолақ көшесі қызметтік борышын өтеу барысында қаза тапқан милиция лейтенанты Н. Т. Бузиннің атындағы шолақ көше деп өзгертілді.

## АҚПАН

«Центральный» көмір кеніші КОКП ОК-нің, КСРО Министрлер кеңесінің, КОБОК және БЛЖКО ОК-нің ауыспалы Қызыл Туымен марапатталып, КСРО ХШЖК-нің Бүкілодақтық Құрмет тақтасына енгізілді. Кеніш ұжымына мұндай марапат 1979 жылдың қорытындысы бойынша Бүкілодақтық социалистік жарыста жеткен табыстары үшін берілді.

В 1980 году разрез «Богатырь» занесен в Книгу рекордов Гиннесса как самый мощный разрез в мире.

ххх

1984 жылдың 1 қыркүйегінде «Богатырь» кенішінде тұтынушыларға 900-миллионыншы тонна көмір жөнелтілді. Г.В.Киласьева басқаратын СРс(к)-2000 сериялы №45 роторлы экскаватор бригадасы көмірдің мерейтойлық тоннасын арту құрметіне ие болды.

## СЕНТЯБРЬ

В Экибастузе в помещении СШ № 9 открыта детская художественная школа, которую возглавил педагог и художник С. П. Пантелеев. Среди первых преподавателей – М. К. Вайдеман и Ю. В. Яковец.

xxx

1 сентября 1984 г. на разрезе «Богатырь» отгружена потребителям 900-миллионная тонна экибастузского угля. Бригада роторного экскаватора SRs (к)-2000 № 45 Г. В. Киласьева завоевала почетное право погрузки юбилейной тонны.

## ҚАЗАН

24 қазанда Екібастұз 1-МАЭС-ының сегізінші (соңғы) энергоблогы өнеркәсіптік күшке қосылды. Ажыратқышты басып, электр қуатын жіберу құқы Н. А. Парыкиннің ауысымына жүктелді. Осы кезде мұнда өз жұмыстарын қазандық машинисі В. Шумаков, турбина машинисі А. Кулик, инженерлер В. Плотников пен Ю. Кузнецов атқарып жатты.

Барлық сегіз блоктың жалпы қуаты 4000 мВт-қа жетіп, Екібастұз 1-МАЭС-ы елдегі ең ірі жылу электр стансасы болды.

## ОКТЯБРЬ

24 октября поставлен под промышленную нагрузку восьмой (последний) энергоблок Экибастузской ГРЭС-1. Право включить рубильник и отправить энергию в сеть заслужила смена Н. А. Парыкина. Работали здесь в те часы машинист котла В. Шумаков, машинист турбины А. Кулик, инженеры В. Плотников, Ю. Кузнецов.

Суммарная мощность всех восьми блоков составила 4000 мВт, и Экибастузская ГРЭС-1 стала крупнейшей тепловой электростанцией страны.

## ЖЕЛТОҚСАН

Ленин көшесінде алғашқы он екі қабатты 48 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның құрылысын Павлодар АӨК жүргізді.

xxx

200 жұмыс орны бар жаңа «Мечта» тұрмыстық үйі есігін айқара ашты. К.Маркс

## ДЕКАБРЬ

Сдан первый 12-этажный жилой 48-квартирный дом по ул. Ленина, сооруженный Павлодарским ДСК.

xxx

Гостеприимно открыл двери новый Дом быта «Мечта» на 200 рабочих мест. Соору-

көшесінің бойында энергоқұрылысшылар салған төртқабатты кең ғимаратта (жалпы ауданы 5000 ш.м.) қалалықтардың тұрмыстық қажетіне қарай қызмет көрсететін цехтар, салондар орналасты.

жен энергостроителями по ул. К. Маркса. В просторном (площадь более 5000 кв. м.) 4-этажном здании разместилось множество служб и цехов по бытовому обслуживанию горожан.

xxx

Кеншілер МҮ-нде Екібастұз көмір бассейнін игерудің 30 жылдығына орай салтанатты жиын өтті. 30 жыл ішінде Қазақстанның, Орал мен Батыс Сібір электростансаларына 926 млн тонна арзан энергетикалық отын өндіріліп, жөнелтілді.

xxx

В ДК горняков прошло торжественное собрание, посвященное 30-летию разработки Экибастузского угольного бассейна. За 30 лет добыто и отправлено тепловым электростанциям Казахстана, Урала и Западной Сибири 926 млн т дешевого энергетического топлива.

*25 октября состоялся митинг,
посвященный вводу в эксплуатацию
8-го энергоблока Экибастузской ГРЭС-1.*









*Сын шахтопроходчика Ади Шарипова – Арун-Рашид Шарипов избран депутатом Верховного Совета СССР в 1984 году.*



*Экибастузская ГРЭС-1 с высоты птичьего полета.*



*Председатель Совета Министров Казахской ССР Назарбаев Н.А. на заседании коллегии Министерства энергетики СССР в Экибастузе.*

1985 жылы Екібастұз ауданында қой, жылқы шаруашылықтары, ет пен сүт өндіретін, дәнді-дақыл өсіретін бағыттағы 8 кеншар, 1 арнайы шаруашылық бірлестігі, 2 кент, 10 ауыл, ауылдық кеңестер жұмыс істеді.

1985 жылғы жағдай бойынша мұнда 1732 мың гектар ауылшаруашылығы мақсатындағы жер, оның ішінде 1546 гектар жайылымды жер, 159,9 гектар – егістік жер, 25,7 гектар – шабындық, 1,6 гектар – орманды алқап, 95 гектар – дәнді дақыл өсіруге арналған, 0,1 гектар көкөніс пен картоп егуге арналған жер болды. Шаруашылықтардағы мал басы төмендегідей (мың бас): ІҚМ – 32,8, қой мен ешкі – 139, жылқы – 5,7.

1985 жылы ауданда 16 мектепке дейінгі мекеме, 26 жалпы білім беру мектебі, 21 киноқондырғы, 27 кітапхана, 19 фельдшерлік-профилактикалық мекеме, 14 фельдшерлік-акушерлік пункт болған.

В Экибастузском районе – 8 совхозов, 1 спецхозобъединение овцеводческого, мясомолочного, зернового, коневодческого направлений, 2 поселка, 10 сел, аульных советов.

По состоянию на 1985 год, площадь сельскохозяйственных угодий составляла 1732 тыс. га, в том числе пастбища – 1546, пашня – 159,9, сенокосы – 25,7, леса – 1,6; под зерновые культуры – 95, овощи и картофель – 0,1; поголовье сельскохозяйственных животных (тыс. гол.): КРС 32,8, овцы и козы 139, лошади 5,7.

В 1985 году в районе – 16 детских дошкольных учреждений, 26 общеобразовательных школ, 21 киноустановка, 27 библиотек, 19 фельдшерско-профилактических учреждений, 14 фельдшерско-акушерских пунктов.

xxx

1985 жылы «Строитель» мәдениет үйі ашылды. Кейін ол халық арасында «Жастар орталығы» деп аталып кетті. Аталмыш клуб мекемесінің бірінші директоры Т. И. Золотарева болды.

В 1985 г. открылся Дом культуры «Строитель», (молодёжный центр «Экибастузшахтострой». Первым директором этого клубного учреждения стала Т. И. Золотарёва.

xxx

1985 жылы Екібастұзда «Радость» балалар хореографиялық үлгілі ансамблі құрылды. Оның алғашқы көркемдік жетекшісі Н. Лунева болды. Өнер ұжымы бірнеше рет қалалық, облыстық және республикалық фестивальдер мен байқаулардың лауреаты атанды.

В 1985 году в г. Экибастузе организован детский образцовый хореографический ансамбль «Радость». Первый художественный руководитель Н. Лунёва. Ансамбль неоднократно становился лауреатом городских, областных, республиканских и Международных фестивалей и конкурсов.

xxx

1985 жылы «Северный» кеніші үйіндісінің кешендік бригада бригадирі А. В. Зе-

В 1985 г. лауреатом Государственной премии СССР стал бригадир комплексной бригады разреза «Северный» А. В. Зеленков.

ленков КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

ххх

1985-1988 жылдары Екібастұз ЖЭО-ында төрт бірдей №№ 11, 12, 13, 14 су жылытқыш КВТК-100-150 қазандықтары іске қосылған соң стансаның қуаты 768 Гкал/сағ-қа артты.

ххх

На Экибастузской ТЭЦ в период с 1985 по 1988 год за счет ввода в строй четырех водогрейных котлов КВТК-100-150 №№ 11, 12, 13, 14 тепловая мощность станции увеличилась до 768 Гкал/час.

ххх

1985 жылы Екібастұз ауданының теміржол жолдарының жалпы ұзақтығы 196 шақырымды құрады.

ххх

Общая протяженность железнодорожных путей в Экибастузском регионе в 1985 году была 196 км.

## ҚАҢТАР

Екібастұз теміржол торабы вагон айналым бойынша әлемдік рекордты жаңартты: мұнда тәулігіне 7600 вагон қозғалысқа түсетін.

## ЯНВАРЬ

На Экибастузском железнодорожном узле достигнут рекордный в мировой практике железных дорог вагонооборот – 7600 вагонов в сутки.

## НАУРЫЗ

КСРО Байланыс министрлігі «ЕОЭК» белгісімен пошта конвертін шығарды. Пермдік Мембелгі фабрикасы шығарған конверттің сол жағында бесбұрыш орналасып, оның ішіне (жоғарыдан төмен қарай) ЭТЖ-нің металл тіреуі, ротор дөңгелегі (оның ішінде – шахтерлер белгісі мен «ЕОЭК» жазуы) көмір тиелген тепловоз, тың бидайының масағы, оның астында «Екібастұз» деген жазу бар; бесбұрыштан төмен қазақ және орыс тілдерінде «Қазақ КСР. Екібастұз отын энергетикалық кешен» деп жазылған.

## МАРТ

Министерство связи СССР выпустило почтовый конверт с символикой «ЭТЭК». Внутри пятиугольника на левой стороне конверта, изготовленного Пермской фабрикой Гознака, изображены (сверху вниз): металлическая опора ЛЭП, роторное колесо (внутри круга – шахтерская эмблема и слово «ЭТЭК»), тепловоз с вагонами угля, колос целинной пшеницы, под ним надпись: «Экибастуз»; ниже пятиугольника на русском и казахском языках: «Казахская ССР. Экибастузский топливно-энергетический комплекс».

ххх

Екібастұздың бақ алаңында жаңа аудандық орталық дәріхана ашылды.

ххх

В парковой зоне Экибастуза открыта новая центральная районная аптека.

## МАМЫР

1985 жылы Екібастұз ауылдық округінің Төртүй ауылында Ұлы Отан соғысында

## МАЙ

Обелиск Славы установлен в селе Тортуй Экибастузского сельского округа с име-

қаза тапқан 55 жерлес-майдангердің есімі жазылған Даңқ ескерткіші қойылды. Сол жылы Шідерті кенті мен Сарықамыс ауылының орталығында да майданда қаза болған ауылдастарына арналған Даңқ ескерткіштері орнатылды.

xxx

1985 жылдың 3 мамыры. Екібастұздың Горняков пен Строительная көшелерінің қиылысында Жеңістің 40 жылдығына арналған ескерткіш салтанатпен ашылды. Ескерткіш жобасын «Экибастузуголь» ӨБ ӨТК-ы (Д. П. Мелехов пен Б. П. Гордеев) жасалып, ТТЖЖ зауыты мен ЖөнҚБ-сы күшімен орнатылды. 2004 жылы қайта қалпына келтіруден өтті.

xxx

1985 жылы 5 мамырда П. З. Ермаков атындағы журналистік сыйлыққа Амангелді Қаңтарбаев ие болды.

xxx

Екібастұз қаласының бірінші серігі – Солнечный кентінің құрылысы басталды.

1985 жылы 4 мамырда 2-МАЭС-на жақын маңда, резервтік су қоймасы жағасында «2-МАЭС» ҚБ-сының В. Захарьев басқаратын бетоншы-балташы жастар бригадасы мен «Энергостроймонтаж» ҚБ-ғы И. Н. Щербаченидің тәжірибелі монтаждаушылар бригадасы 117 пәтерлі алғашқы үйді монтаждауды бастады.

xxx

1985 жылы 10 мамырда Екібастұзда қала көшелерінің біріне жерлесіміз, Ауған елінде ерлікпен қаза тапқан интернационалист-жауынгер, көз жұмған соң Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған Зейнолла Шәріпбаевтың есімі берілді.

нами 55 воинов-земляков, погибших в годы Великой Отечественной войны.

Обелиск Победы установлен в центре посёлка Шидерты в 1985 году. В память павших воинов-земляков в центре села Сарыкамыс установлен обелиск.

xxx

3 мая 1985 года. На пересечении улиц Горняков и Строительной г. Экибастуза торжественно открыт обелиск в честь 40-летия Победы. Проект выполнен в ПКБ ПО «Экибастузуголь» (Д. П. Мелехов и Б. П. Гордеев). Сооружён силами завода РГТО и РемСУ. В 2004 г. был отреставрирован и переименован в Обелиск защитников Отечества.

xxx

5 мая 1985 года лауреатом премии журналистов им. П. З. Ермакова признан Амангельды Кантарбаев.

xxx

Началось строительство поселка Солнечный – первого спутника г. Экибастуза.

Недалеко от ГРЭС-2 на берегу резервного водохранилища 4 мая 1985 г. начат монтаж первого 117-квартирного дома коллективами молодежной бригады плотников-бетонщиков В. Захарьева из СУ «ГРЭС-2» и бригады монтажников И. Н. Щербачени из СУ «Энергостроймонтаж» треста «Экибастузэнергострой».

xxx

10 мая 1985 года в г. Экибастузе появилась улица имени Зейнуллы Шарипбаева – нашего земляка, воина-интернационалиста, героически погибшего в Афганистане и посмертно награжденного орденом Красной Звезды.

## ШІЛДЕ

«Экибастузуголь» ӨБ-нің құрамында жаңа ендірістік бірлік – «Богатырь» және

## ИЮЛЬ

В составе ПО «Экибастузуголь» образована новая производственная единица –

«Восточный» кеніштері алаңдарынан кен жынысын шығаруды ұйымдастыруды жақсарту мақсатында «Восточный ЖКБ (бастығы Э. Б. Мошкович) құрылды.

Восточное ПТУ (начальник Э. Б. Мошкович) для улучшения организации вывозки вскрышных пород на полях разрезов «Богатырь» и «Восточный».

## ТАМЫЗ

14 тамызда «Восточный» кенішінен аршылым тиелген алғашқы теміржол құрамы шықты. Тау-кен жынысын вагондарға ауысымдағы ЭКГ-12,5 экскаваторы бригадасы (бригадирі В. М. Возный) артты. «Восточный» кеніші пайдалануға берілетін күн де жақындап қалған еді.

## АВГУСТ

14 августа вывезен первый железнодорожный состав вскрыши из разреза «Восточный». Погрузку горной массы произвела смена бригады экскаватора ЭКГ-12,5 (бригадир В. М. Возный). Приближался день пуска разреза «Восточный» в эксплуатацию.

ххх

1985 жылы 28 тамызда әлемде теңдесі жоқ 1150 кВ-тық Екібастұз-Көкшетау электр тасымалдау желісі өндірістік сынақтан өткізу үшін іске қосылды. 1150 кВ-тық электр тасымалдау желісі ХХ ғасыр соңындағы электроэнергетика саласының ең үлкен жетістігі болып табылады. Аса күрделі жабдықтарды монтаждау «Электросредазмонтаж» тресі учаскесінің (бастығы А. Я. Музыка) күшімен жүзеге асты. Монтаждау барысында В. Периннің, Г. Басков пен А. Дробиннің бригадалары, сондай-ақ инженер П.Кузнецовтың бір топ мамандары көзге түсті.

ххх

28 августа 1985 года впервые в мире введена в опытно-промышленную эксплуатацию уникальная линия электропередачи 1150 кВ Экибастуз- Кокчетав. Создание линии электропередачи 1150 кВ – выдающееся достижение электроэнергетики конца ХХ века. Монтаж сложного оборудования произведен силами участка треста «Электросредазмонтаж» (начальник А. Я. Музыка). Здесь отличились бригады В. Перина, Г. Баскова, А. Дробина, а также группа специалистов инженера П. Кузнецова.

ххх

Аса қуатты «Экибастузская – 1150» қосалқы стансасы құрылысының бірінші кезегі аяқталып, өнеркәсіптік-кешендік сынақтан өтті. Әлемдік тәжірибеде алғаш рет 1150 киловольттық ауыспалы токтағы электр қуаты өндірілді.

ххх

Завершено строительство и проведены комплексные промышленные испытания первой очереди сверхмощной подстанции «Экибастузская-1150». Впервые в мировой практике получена электроэнергия переменного тока напряжением 1150 киловольт.

## ҚЫРКҮЙЕК

19 қыркүйекте мемлекеттік комиссия «Восточный» кенішінің жылына 7,5 млн тонна көмір алынатын бірінші кезегін пайдалануға беру туралы актіге қол қойды.

## СЕНТЯБРЬ

19 сентября государственная комиссия подписала акт о приемке в эксплуатацию первой очереди разреза «Восточный» мощностью 7,5 млн тонн угля в год. В со-

«Экибастузуголь» ӨБ-нің құрамында жаңа өндірістік бірлік - «Восточный» көмір кеніші құрылды (директоры В.У.Аксиньин, бас инженері А.Т.Өтегенов). Бұл өңірдің көмір өндіру саласындағы конвейерлік көлігі мен орташалау-тиеу кешені бар алғашқы кеніш болды. Жобалық қуаты - жылына 30 млн тонна көмір.

ставе ПО «Экибастузуголь» создана новая производственная единица – угольный разрез «Восточный» (директор В. У. Аксиньин, главный инженер А. Т. Утегенов). Разрез стал первым в отрасли с конвейерным транспортом и усреднительно-погрузочным комплексом. Проектная мощность – 30 млн тонн угля в год.

xxx

«Богатырь» кенішінде пайдалануға берілгеннен бастап көмірдің 500-миллионыншы тоннасы өндірілді. Мерейтойлық тоннаны арту үшін болған тартысты жарыста СРс(к)-2000М сериялы №46 (бригадирі А. И. Федотов) және ЭРШРД-5000 сериялы № 7 (бригадирі А. А. Шишлов) бригадалардың бірлескен экипажы жеңіске жетті. Еңбек майданындағы осы жеңіске орай салтанатты митинг өтті.

xxx

На разрезе «Богатырь» добыта 500-миллионная с начала ввода его в эксплуатацию тонна угля. В соревновании право погрузки юбилейной тонны завоевал объединенный экипаж двух экскаваторов: SRs (к)-2000М № 46 (бригадир А. И. Федотов) и ЭРШРД-5000 № 7 (бригадир А. А. Шишлов). По случаю трудовой победы на разрезе состоялся торжественный митинг.

xxx

Жазғы театры мен аттракциондары бар «Шахтер» қалалық мәдениет және демалыс саябағы салтанатпен ашылды. Пионерлер бағындағы шолу дөңгелегі де осында көшірілді. Саябақ орын тепкен жерде сонау 1950 жылы көктемде әуесқой бағбан С. И. Шеховцовтың бастамасы бойынша «Иртышуглестрой» тресінің алғашқы құрылысшылары Екібастұз орман тәлімбағының негізін салған болатын. Содан бері тәлімбақта бірнеше мыңдаған көшет өсіріліп, қаланы көгалдандыру жұмысы жолға қойылған еді.

xxx

Осуществлено торжественное открытие городского парка культуры и отдыха «Шахтер» с аттракционами и летним театром. Сюда же отошла и часть пионерского парка с колесом обозрения. Сооружен на месте первого Экибастузского лесопитомника, заложенного весной 1950 г. первостроителями треста «Иртышуглестрой» по инициативе садовода-любителя С. И. Шеховцова. Питомник дал не одну тысячу саженцев для озеленения города.

xxx

1568 оқушыға лайықталған жаңа № 12 орта мектеп пайдалануға берілді. 14 шағын ауданда орын тепкен № 12 мектеп (директоры М. Г. Задорожная) ғимаратын «Экибастузэнергострой» тресі құрылысшылары салды.

xxx

Введена в эксплуатацию новая средняя школа № 12 на 1568 учащихся. Здание СШ № 12 (директор М. Г. Задорожная) в 14 микрорайоне возвели строители треста «Экибастузэнергострой».

xxx

Екібастұздың Энергетиктер көшесінде 220 орындық жаңа асхана мен пошта байланысы бөлімшесі іске қосылды.

xxx

В Экибастузе на улице Энергетиков введена в строй новая столовая на 220 посадочных мест и почтовое отделение связи.

## ҚАЗАН

Ресейдегі бірінші автомобильдің 100 жылдығына орай және қалалық жолаушы тасымалдау автокөлігі кәсіпорнының еңбек ардагерлеріне арнап Қонаев даңғылында «Жоламан» АҚ-ы аумағына кіре берісте Еңбек даңқы монументі орнатылды. Іргетасы бетоннан құйылып, қаңылтырдан жасалған постаментке ПАЗ-651 маркалы автобус қойылды. Постамент ұзындығы – 5,6 м., биіктігі – 2,4 м. Монументте «Отандық автомобильдің 100 жылдығына орай ЖТАҚның ардагер-автобилистеріне арналады» деп жазылған.

## ОКТЯБРЬ

В честь 100-летия со дня основания отечественного автомобиля ветеранам-автомобилистам Экибастузского пассажирского автотранспортного предприятия по пр. Кунаева перед въездом на территорию АО «Жоламан» установлен Монумент трудовой славы. На постаменте, изготовленном из листового железа с бетонным основанием, высится автобус марки ПАЗ-651. Длина постамента 5,9 м, ширина 2 м, высота 2,4 м. На монументе надпись: «В честь 100-летия создания отечественного автомобиля. Ветеранам – автомобилистам ПАТП посвящается».

xxx

Жергілікті суретшілер туындыларының көрмесі ашылды. Көрмеге өз туындыларын С. Сачкова, М. Вайдеман, Ю. Яковец, С. Пантелеев, А. Макаров, М. Адамжанов, В. Старостина, И. Кочетков, Е. Непьянов және т.б. қойған. Екі аптадан аса уақыт бойы жұмыс істеген көрме қаланың мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды.

xxx

Открылась городская выставка работ местных художников. Свои работы выставили: С. Сачкова, М. Вайдеман, Ю. Яковец, С. Пантелеев, А. Макаров, М. Адамжанов, В. Старостина, И. Кочетков, Е. Непьянов и др. Выставка, продолжавшаяся более двух недель, стала заметным событием в культурной жизни города.

## ҚАРАША

Екібастұз ЖЭО кеңейту бойынша төртінші кезектегі отын беру құрылғысы мен қатты отынға лайықталған №11 КВТК-100 қазандығы пайдалануға берілді. Осы қазандық іске қосылған соң, қалада 1985-1986 жж. қыс мезгілінде жылу энергиясы тапшылығы жойылды. 1986 жылы желтоқсанда № 12 қазандық іске қосылды.

## НОЯБРЬ

На Экибастузской ТЭЦ пущены топливоподача четвертой очереди расширения и котел № 11 КВТК-100 на твердом топливе. С вводом в эксплуатацию этого котла практически ликвидирован дефицит тепловой энергии в городе на предстоящую зиму 1985-1986 гг. В декабре 1986 г. пущен еще один котел № 12.

ххх

17-ші қалалық партиялық есеп беру-сайлау конференциясы өтіп, қалалық партия комитетінің жаңа құрамы сайланды. М. К. Дүйсенбаев қайтадан бірінші хатшы болып сайланды, екінші хатшы – М. В. Крюков, үшінші – В. Г. Удовиченко.

ххх

«Северный» кенішінің учаске бастығы А. В. Зеленков (1947 ж.т.) КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

ххх

14 қарашада «Богатырь» кенішінен көмірдің 500-миллионыншы тоннасы өндіріліп, вагондарға тиелді.

## ЖЕЛТОҚСАН

1985 жылы 4 желтоқсанда Екібастұз тас көмірі өндіріле басталғалы миллиардыншы тонна аршып алынып, тұтынушыларға жөнелтілді. Мерейтойлық тоннаны арту құрметіне ЭРШРД-5000 роторлы экскаватор кешенінің экипажы (бригадирі А. А .Шишлов) ие болды. Екібастұз көмірінің миллиардыншы тоннасы Рефтинск МАЭС-сына (Ресей, Свердловск облысы) жөнелтілді.

ххх

30 желтоқсанда 1000 орындық көрермен залы бар «Энергетик» мәдениет үйінің ашылу салтанаты өтті. Директоры – Ш. Ш. Мусин. Жаңа МҮ-нде бірінші болып өткен шара – XXVI қалалық партиялық есеп беру-сайлау конференциясы. Алғаш ұйымдастырылған концерт – Роза Рымбаеваның жеке концерті. Энергетиктер МҮ-і қаланың мәдени-көпшілік жұмыстарының қайнаған ортасына айналды.

ххх

Проходила 17-я городская отчетно-выборная партийная конференция, избравшая новый состав горкома партии. Первым секретарем вновь избран М. К. Дүйсенбаев, вторым – М. В. Крюков, третьим – В. Г. Удовиченко.

ххх

Лауреатом Государственной премии СССР стал начальник участка разреза «Северный» Зеленков А. В. (1947 г.р.)

ххх

14 ноября добыта и отгружена 500-миллионная тонна угля в разрезе «Богатырь».

## ДЕКАБРЬ

4 декабря 1985 года добыта и отправлена потребителям миллиардная с начала эксплуатации бассейна тонна экибастузского угля. Право погрузки юбилейной тонны угля доверено экипажу роторного комплекса ЭРШРД-5000 (бригадир А. А. Шишлов). Миллиардная тонна экибастузского угля отправлена на Рефтинскую ГРЭС (Свердловская область). .

ххх

30 декабря состоялось торжественное открытие ДК энергетиков с главным зрительным залом на 1000 мест. Директор Ш. Ш. Мусин. Первое мероприятие в новом ДК – XXVI городская отчетно-выборная партийная конференция. Первое выступление – сольный концерт Р. Рымбаевой. ДК энергетиков стал ведущим центром культурно-массовой работы в городе.

ххх

1985 жылдың қорытындысы бойынша Екібастұзда 800 мыңнан аса ш.м. тұрғын үй, 7 мектеп, 13 балабақша бар. «Экибастузуголь» ӨБ-нде 40 ұлт пен ұлыстың өкілі еңбектенеді. 2500 инженер жұмыс істейді. 1000-нан аса адам марапатталған, оның ішінде 5-уі – Социалистік Еңбек Ері (Илюшкина З. Ф., Возный И. Ф., С. Қадыров, А. И. Витт и С. П. Куржей). 600 адам «Шахтер даңқы» белгісімен марапатталған, 7 адам КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, үш адам Лениндік комсомол сыйлығына, 2 адам Қаз КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

ххх

По итогам 1985 года Экибастуз имел свыше 800 т. кв. м. жилья, 7 школ, 13 детсадов. В ПО «Экибастузуголь» трудятся представители 40 национальностей и народностей. Работают 2500 инженеров. Свыше 1000 удостоены наград, в том числе 5 – Героя Социалистического Труда (Илюшкина З. Ф.Возный И. Ф., С. Кадыров, А. И. Витт и С. П. Куржей). Свыше 600 человек награждены знаками «Шахтерская слава», 7 лауреатов Госпремии СССР. Три – Ленинского комсомола, 2 – Госпремии Каз ССР.

*1985 – год 40 летия Великой Победы.*







*Дуйсембаев
Маскут Кулихбаевич –
первый секретарь
Экибастузского горкома
Компартии Казахстана
V.1985-X.1988*



*Выдающееся достижение электроэнергетики конца XX века – ввод в эксплуатацию уникальной линии электропередачи 1150 кВ Экибастуз-Кокчетав*




*Митинг на разрезе «Восточный»*

1986 жылы Екібастұзда «Соловушка» балалар хореографиялық ансамблі құрылды. Бұл ансамбль алуан ұлт өкілдерінің 100-ден аса баласын өнерге баулыды. «Соловушка» – Мәскеуде өткен «Роза ветров-98» халықаралық балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы байқауының, сондай-ақ РФ Краснодар өлкесінде Қара теңіз жағалауында өткен «Летняя магия» бүкілресейлік фестиваль-байқауының (Анапа, 2003 ж.) лауреаты атанды. Ансамбльге Анна Тарасова жетекшілік етті.

В 1986 году в Экибастузе создан детский хореографический ансамбль «Соловушка». В этом хоровом коллективе занимается свыше 100 детей разных национальностей. «Соловушка» – лауреат Международного конкурса детского и юношеского творчества «Роза ветров-98», проходившего в Москве, а также Всероссийского конкурса-фестиваля «Летняя магия», состоявшегося на Черноморском побережье в Краснодарском крае РФ (г. Анапа, 2003 г.). Руководитель ансамбля – Анна Афанасьевна Тарасова.

xxx

Солнечный кентінің құрылысы басталды. Бұрынғы Кеңес Одағының түпкір-түпкірінен мыңдаған адам қала құрушы қуатты кәсіпорындар – №1-МАЭС-сы мен 2-МАЭС-сы құрылысына комсомол жолдамасымен келіп жатты. Солнечный кенті сөйтіп энергетиктер кенті атанды.

xxx

Начало строительства поселка Солнечный. По комсомольской путевке со всех концов бывшего Советского Союза на строительство мощных градообразующих предприятий ЭГРЭС-1 и ЭГРЭС-2 приехали тысячи людей. И стал поселок Солнечный – поселком энергетиков.

## ҚАҢТАР

31 қаңтарда «Восточный» кеніші құрылысының екінші кезегі пайдалануға берілді. Оның өндірістік қуаты жылына – 7,5 млн тонна көмір. Кеніштің қуаты артып, жылына ол 15 млн тонна көмір өндіретін болды.

xxx

Екібастұзға Қазақстан Компартиясының XVI съезі атындағы екпінді комсомол құрылыс отряды (отряд командирі С. Қуандықов) келді. Республикалық комсомол ұйымынан келген 450 өкілді екібастұздықтар вокзалда құшақ жая қарсы алды.

## ЯНВАРЬ

31 января введена в эксплуатацию вторая очередь разреза «Восточный» производственной мощностью 7,5 млн тонн угля. Мощность разреза удвоилась и составила 15 млн тонн угля в год.

xxx

В Экибастуз прибыл комсомольский ударный строительный отряд им. XVI съезда Компартии Казахстана. 450 посланцев комсомола республики (командир отряда С. Куандыков) экибастузцы встретили на вокзале хлебом-солью.

## АҚПАН

1986 жылы 20 ақпанда әлемде тұңғыш рет Екібастұзда аса ауыр, 43407 тонна

## ФЕВРАЛЬ

20 февраля 1986 года впервые в мире из Экибастуза был отправлен первый

көмір тиеген 440 вагоны бар, ұзындығы 6,5 километр алып пойыз жолға шықты. Оны бірнеше электровоз тартып отырды.

супертяжеловесный поезд-гигант весом 43407 тонн угля, в количестве 440 вагонов и длиной 6,5 километра. Тянули этот состав несколько электровозов. Прошел до Целинограда 300 км без задержек.

## НАУРЫЗ

1986 жылы 6 наурызда «Экибастузуголь» ӨБ-нің «Северный» кенішінде көмірдің 500-миллионыншы тоннасы тиелді. Осы оқиғаға орай кеніште салтанатты митинг өтіп, онда СРс(к)-470-ОЦ экскаваторы бригадасына (бригадирі Г. И. Мозер) құрмет көрсетілді. Бұл бригада тартысты жарыста мерейтойлық тоннаны арту құқына ие болса, оны тұтынушыға жеткізу құқын ҚӨТБ-ның локомотив экипажы (бригадирі Н. П. Попов) жеңіп алды.

## МАРТ

6 марта 1986 года на разрезе «Северный» ПО «Экибастузуголь» отгружена 500-миллионная тонна угля. На разрезе состоялся торжественный митинг, на котором чествовали бригаду экскаватора SRs (К)-470-ОЦ (бригадир Г. И. Мозер). Она в упорном соревновании завоевала право отгрузки юбилейной тонны, а право ее транспортирования заслужил локомотивный экипаж из СПТУ (бригадир Н. П. Попов).

xxx

КСРО XXVII съезіне Екібастұз қалалық партия ұйымының атынан «Северный» кенішінің экскаватор машинисі-бригадир А. В. Зеленков пен «Экибастузэнерго» ӨЭБ-нің бас директоры Б. Ғ. Нұржанов қатысты. Сондай-ақ КСРО-ның әр жылдарда өткен съездеріне «Экибастууголь» ӨБ-нің бас директоры С. П. Куржей (XXVI), «Северный» кенішінің экскаватор машинисі Г. М. Дордюк (XXV), «Северный» кеніші роторлы экскаваторы машинисі Х. И. Досмағамбетов (XXIV), «Ертіскөмір» тресінің меңгерушісі Г. С. Гридин (XXIII) делегат болып барған еді.

xxx

В работе XXVII съезда КПСС участвовали делегаты от Экибастузской городской партийной организации: бригадир-машинист экскаватора разреза «Северный» А. В. Зеленков и генеральный директор ПЭО «Экибастузэнерго» Б. Г. Нуржанов. Делегатами съездов также избирались: XXVI-го – генеральный директор ПО «Экибастузуголь» С. П. Куржей, XXV-го – машинист экскаватора разреза «Северный» Г. М. Дордюк, XXIV-го – машинист роторного экскаватора разреза «Северный» Х. И. Досмагамбетов, XXIII-го – управляющий трестом «Иртышуголь» Г. С. Гридин.

xxx

«Богатырь» кеніші роторлы экскаваторы экипажының бригадирі С.И.Зубко Екібастұзда бірінші болып Еңбек даңқы орденінің толық иегері атанды. КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының 1986 жылғы 5 наурыздағы Жарлығымен С.И.Зубко он екінші бесжылдық қорытындысы бойынша жоғары нәтижелі еңбегі үшін I дәрежелі Еңбек

xxx

Первым полным кавалером орденов Трудовой Славы в Экибастузе стал С. И. Зубко – бригадир экипажа роторного экскаватора разреза «Богатырь». Указом Президиума Верховного Совета СССР от 5 марта 1986 года С. И. Зубко награжден орденом Трудовой Славы 1-й степени за выдающиеся трудовые достижения по итогам

Даңқы орденімен марапатталды. II дәрежелі Еңбек Даңқы ордені оған – 1980 жылы, III дәрежелі Еңбек Даңқы ордені 1975 жылы табысталған болатын.

двенадцатой пятилетки. Орденом Трудовой Славы 2-й степени он был награжден в 1980 г., 3-й степени – в 1975 г.

## СӘУІР

«Богатырь» кенішінің бригадирі Пешков Николай Трифоновичке Жоғарғы кеңес Президиумының Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

## АПРЕЛЬ

Указом Президиума Верховного Совета звание Героя Социалистического Труда присвоено бригадиру разреза «Богатырь» Пешкову Николаю Трифоновичу.

## МАМЫР

1986 жылы 1 мамырда Энергетиктердің мәдениет сарайындағы кинозал іске қосылды. Жыл бойы шығармашылық және техникалық қызметкерлер штаты жасақталды.

## МАЙ

1 мая 1986 года кинозал Дворца культуры энергетиков принял первых зрителей. В течение года был укомплектован штат творческих и технических работников.

## МАУСЫМ

1986 жылы 1 маусымда Бүкілодақтық эксперимент ретінде «Павлодартрансстрой» тресінің 19-ГОРЕМ-нде ұжымдық мердігерлік жұмысына көшірілді. Экспериментті жүргізу жөніндегі комиссия құрылып, оның төрағасы А.А.Медведев болды.

xxx

ЕОЭК-н дамытуға қосқан айрықша үлесі үшін «Экибастузэнергострой» тресінің меңгерушісі Эдуард Евгеньевич Филатовқа «Екібастұз қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

## ИЮНЬ

1 июня 1986 года в порядке Всесоюзного эксперимента ГОРЕМ-19 треста «Павлодартрансстрой» переведен на работу по коллективному подряду. Под председательством Медведева А. А. создана комиссия по проведению эксперимента.

xxx

За особые заслуги в развитии ЭТЭКа звание «Почетный гражданин города Экибастуза» присуждено Эдуарду Евгеньевичу Филатову – управляющему трестом «Экибастузэнергострой».

## ШІЛДЕ

Екібастұз әйелдерінің арасынан бірінші болып «Экибастузуголь» ӨБ тиеу-көлік басқармасының жол жөндеушісі Н. Ф. Мединская «Шахтер даңқы» орденінің толық иегері атанды. I дәрежелі «Шахтер даңқы» орденін оған Шахтер күніне орай өткізілген социалистік жарыстағы жетістіктері үшін табысталған еді.

## ИЮЛЬ

Первой из женщин Экибастуза полным кавалером знака «Шахтерская слава» стала Н. Ф. Мединская – монтер пути погрузочно-транспортного управления ПО «Экибастузуголь». Знака «Шахтерская слава» первой степени она удостоилась за большие производственные успехи в социалистическом соревновании в честь Дня шахтера.

## ҚЫРКҮЙЕК

Қалада тағы бір жаңа №13 орта мектеп ашылды, ол 1688 оқушыға лайықталған. Ленин көшесі, 66 мекенжайында бой көтерген № 13 ОМ ғимараты құрылысын «Экибастузшахтострой» комбинаты жүргізді. Сонымен бірге осы кезде «Горняк» кеңшарында жаңа № 14 сегізжылдық мектеп пайдалануға берілді.

xxx

Екібастұзға іс-сапармен КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев келді.

xxx

1986 жыл, 22-27 қыркүйек. Екібастұзда ЕОЭК-нің «Ленинская искра» көптаралымды газетінің бірінші фестивалі ұйымдастырылды.

## СЕНТЯБРЬ

Открыла двери еще одна новая средняя школа № 13, рассчитанная на 1688 учащихся.

Здание СШ № 13 по ул. Ленина, 66 (директор М. И. Трофимова) возведено комбинатом «Экибастузшахтострой». Одновременно начались занятия и в новой 8-летней школе № 14 в совхозе «Горняк».

xxx

Состоялся рабочий визит члена Политбюро ЦК КПСС, первого секретаря ЦК КП Казахстана Динмухамеда Ахмедовича Кунаева в Экибастуз.

xxx

22-27 сентября в Экибастузе проходил первый фестиваль рабочей многотиражной газеты ЭТЭКа «Ленинская искра».

## ҚАЗАН

1986 жылы 2 қазанда «Экибастузуголь» ӨБ-нде көмір өнеркәсібі саласы жұмысшылары кәсіподағының есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Кәсіподақтың аумақтық комитетінің төрағасы болып «Восточный» кенішінің кадрлар мен тұрмыс жөніндегі директоры С. Ж. Рамазанов сайланды.

xxx

8 қазанда «Восточный» кеніші жұмыс істегелі көмірдің 10-миллионыншы тоннасы өндірілді. Мерейтойлық тоннаны № 4108 СРс (К)-2000 роторлы экскаваторы бригадасының (бригадирі Анатолий Прокопович, экскаватор машинисі Валентин Муваракшин) ауысымы қазып алды.

xxx

1986 жылы 12 қазанда Алматыдан алғашқы техникалық рейспен ұшып жет-

## ОКТЯБРЬ

2 октября 1986 г состоялась отчетно-выборная конференция профсоюза рабочих угольной промышленности ПО «Экибастузуголь». Председателем теркома избран пом. директора по кадрам и быту разреза «Восточный» Рамазанов С. Ж.

xxx

8 октября добыта 10-миллионная тонна угля с начала работы разреза «Восточный». Ее добыла смена бригады роторного экскаватора СРс (К)-2000 № 4108 (бригадир Анатолий Прокопович, машинист экскаватора Валентин Муваракшин).

xxx

12 октября 1986 г. горожане радостно встретили самолет ТУ-134, прибывший из

кен ТУ-134 ұшағын қарсы алды. Аэродром алаңында салтанатты митинг өтті. Құрылысшылар Екібастұз әуежайының бастығы М. И. Ивановқа нысанның символ мәнді кілтін табыстады. Әуежайды «Павлодарстрой – 14» тресінің № 63 жол құрылысы басқармасының құрылысшылары салды. Әуежайдың өткізу қуаты – сағатына 100 жолаушы.

Алма-Аты первым техническим рейсом. На поле аэродрома состоялся торжественный митинг. Строителями передан символический ключ начальнику экибастузского аэропорта М. И. Иванову. Аэропорт построен строительно-дорожным управлением № 63 треста «Павлодардорстрой-14». Пропускная способность – 100 пассажиров в час.

xxx

Жолаушы тасымалдайтын пойыз жүйелі түрде Екібастұз стансасынан Солнечный мен Екібастұз 2-МАЭС-на дейін жүре бастады.

xxx

Началось регулярное движение пассажирского поезда от ст. Экибастуз до поселка Солнечный – Экибастузской ГРЭС-2.

xxx

Екібастұз 1-МАЭС-на көмір бұрынғыдай бульдозермен емес, ел көлемінде тұңғыш рет сағатына 2,5 мың тонна отын таситын роторлы тиеу машинасының көмегімен жүзеге асырылатын болды.

xxx

Подача угля на Экибастузскую ГРЭС-1 вместо бульдозера стала проводиться с помощью первой в стране роторной погрузочной машиной мощностью 2,5 тыс. тонн топлива в час.

xxx

Екібастұзда Кеншілер мәдениет үйі жанынан саяси-ақпарат клубы ашылды.

xxx

В Экибастузе открыт клуб политической информации при Доме культуры горняков.

## ҚАРАША

«Экибастузуголь» ӨБ-де медициналық-санитарлық бөлім ашылды. Медсанбөлімнің бірінші кезегі емханада, он педиатрлық және үш аумақтық учаске құрамында өз жұмысын бастады. Емхана штатында 49 дәрігер мен 75 мейірбике бар.

## НОЯБРЬ

Для работников ПО «Экибастузуголь» и комбината «Экибастузшахтострой» открылась медсанчасть. Первая очередь медсанчасти начала работу в составе поликлиники, десяти педиатрических и трех территориальных участков. Штат поликлиники укомплектован 49 врачами и 75 медсестрами.

xxx

«Экибастузшахтострой» комбинатының «Жилстрой-1» ҚБ-сының сылақшылар бригадирі Евдокия Алексеевна Проценкоға КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

xxx

Государственная премия СССР присуждена бригадиру маляров СУ «Жилстрой-1» комбината «Экибастузшахтострой» Евдокии Алексеевне Проценко.

**ЖЕЛТОҚСАН**

1986 жылы желтоқсанда Екібастұз – Орталық (Тамбов қ.) 1500 киловольттық тұрақты токтағы аса қуатты ЭТЖ-нің 100 шақырымдық учаскесінде құрылыс жұмыстары аяқталды. Бұдан басқа Екібастұздан Көкшетауға, Қостанайға дейін ауыспалы ток желісінің құрылысы жүріп жатты. Бұл ЭТЖ-1500 желісі әлем бойынша ең ірі желілердің бірі саналды.

xxx

Екібастұз 2-МАЭС жанындағы Солнечный кентінде 15 мың ш.м. тұрғын үй пайдалануға берілді.

**ДЕКАБРЬ**

Завершено строительство головного стокилометрового участка сверхмощной ЛЭП-1500 киловольт постоянного тока Экибастуз – Центр (г. Тамбов). Другая стройка – линия переменного тока от Экибастуза на Кокчетав, Кустанай. Эта линия ЛЭП-1500 – одна из крупнейших в мире.

xxx

В новом поселке Экибастузской ГРЭС-2 Солнечном сдали в эксплуатацию 15 тыс. кв. м жилья.



*Пешков
Николай Трифонович –
Указом Президиума
Верховного
Совета СССР
удостоен звания Героя
Социалистического Труда
26.04.1986г.*



*Проценко
Евдокия Алексеевна –
Лауреат
Государственной
премии СССР 1986г.*



*Филатов
Эдуард Евгеньевич –
удостоен звания
«Почетный гражданин
города Экибастуза»
в 1986г.*



*Торжественное открытие аэропорта*





*19 сентября. Первый секретарь ЦК Компартии Казахстана Кунаев Д. А. на разрезе «Богатырь».*



*Медынская Нина Федоровна стала первой женщиной в Экибастузе – полным кавалером ордена «Шахтерская Слава»*



*XVI съезд Компартии Казахстана. Делегаты Экибастуза в Алма-Ате.*

«Экибастузэнерго» ӨБ 1987 жылы 22476 млн кВ/сағ электр энергиясын өндірді.

Производство электроэнергии ПЭО «Экибастузэнерго» в 1987 году составило 22476 млн кВТ/ час.

xxx

115 төсек орындық жаңа перзентхана пайдалануға берілді. Ол Московская, 59 мекенжайында орын тепті. Басшысы – Г. Б. Буратаева.

Введен в эксплуатацию новый роддом на 115 коек. Находится по ул. Московская, 59. Руководитель Г. Б. Буратаева.

xxx

«Экибастузэнерго» ӨЭБ-де «Спецэнергоремонт» кәсіпорны құрылды. Оның алғашқы директоры – Гардер Георгий Эрнестович.

Создано предприятие «Спецэнергоремонт» ПЭО «Экибастузэнерго». Первый директор Гардер Георгий Эрнестович.

xxx

Қуатбасқармасы «Богатырь» кенішін электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатында № 6 ТП-1 тарату постын пайдалануға берді.

«Энергоуправлением» введен в эксплуатацию распределительный пост № 6 РП-1 для энергоснабжения разреза «Богатырь».

xxx

1987 жылы Энергетиктердің мәдениет сарайында 20 көркемөнерпаздар ұжымы жұмыс істеді: әндер (В. Т. Жук), «Красная гвоздика» ардагерлер хоры – (А. П. Мурзина), балалар хоры (З. Т. Гайфулина), қазақ этнографиялық оркестрі (М. Б. Боранова), үрмелі аспаптар оркестрі (Х. З. Шарифулин), «Вика» және «Арман» топтары (М. Б. Ғұмарова), «Арай» қазақ домбыра ансамблі (Г. Тұртұлова), «Назқоныр» қазақ вокалдық тобы (Л. Шушаева), классика театры (Ш. Ш. Мусин), «Миниатюралар» театры (В. Демченко), фортепьяно, баян және орыс халық аспаптары мектебі.

К 1987 году во Дворце культуры энергетиков работало двадцать коллективов художественной самодеятельности: хор русской песни (В. Т. Жук), хор ветеранов «Красная гвоздика» – (А. П. Мурзина), детский хор (З. Т. Гайфулина), казахский этнографический оркестр (М. Б. Боранова), духовой оркестр (Х. З. Шарифулин), ВИА «Вика» и «Арман» (М. Б. Гумарова), казахский домбровый ансамбль «Арай» (Г. Туртулова), казахская вокальная группа «Назконыр» (Л. Шушаева), театр классики (Ш. Ш. Мусин), театр «Миниатюр» (В. Демченко), школы по фортепьяно, баяну и русских народных инструментов.

## ҚАҢТАР

1987 жылы 20 қаңтарда ЕОЭК-ндегі басылымдар мен газет редакцияларының

## ЯНВАРЬ

20 января 1987 года группа работников московского издательства «Молодая

күні аясында мәскеулік «Молодая гвардия» баспаханасы қызметкерлері Екібастұз энергетиктерімен, құрылысшыларымен және шахтерлерімен кездесті. Кездесуге келген мәскеулік меймандар ішінде Екібастұздың тумасы, КСРО Журналистер одағының мүшесі, бас редактордың орынбасары В. Ю. Володченко, авиацияның бас маршалы, екі мәрте Кеңес Одағы Батыры Е. Я. Савицкий және т.б. болды.

xxx

Екібастұз қаласында «Звезда Прииртышья» газетінің меншікті тілшісі болып М. Х. Валеев жұмысқа кірісті.

## АҚПАН

Қалалық соғыс және еңбек ардагерлері ұйымы құрылды. Оның төрағасы болып Г. А. Прусаков сайланды.

## НАУРЫЗ

Наурыздың басы. Екібастұздағы ЕОЭК құрылысына 639 адамнан тұратын екпінді құрылысшылар отряды – Қазақстан ЛЖКО-ның XVI съезі делегаттары келіп жетті.

## СӘУІР

Сәуір айының басы. Екібастұзда «Восточный» кенішіне деп ГДР-да жасалған 18-ші жаңа экскаватор монтаждалды.

xxx

30 сәуірде Майкөбе көмір кенішінің жылына 6 млн тонна көмір өндіретін бірінші кезегінде кенжарға алғашқы шөміш салынды. Бұл кен орнын игеру осылай басталды.

## МАМЫР

1987 жылы 1 мамырда «Правда» газетінің 75 жылдығына орай қалада бас-

гвардия» в рамках Дней издательств и редакций газет на ЭТЭКе провели встречи с энергетиками, строителями и шахтерами Экибастуза. Среди них были: уроженец Экибастуза, заместитель главного редактора и член Союза журналистов СССР В. Ю. Володченко, главный Маршал авиации, дважды Герой Советского Союза Е. Я. Савицкий и другие московские гости.

xxx

В городе Экибастузе приступил к работе собственный корреспондент «Звезды Прииртышья» М. Х. Валеев.

## ФЕВРАЛЬ

Создана городская организация ветеранов войны и труда. Председателем совета ветеранов войны и труда избран Г. А. Прусаков.

## МАРТ

Прибыл новый отряд строителей ЭТЭКа – 639 человек.

## АПРЕЛЬ

Начало апреля. Смонтирован 18-й по счету новый экскаватор производства ГДР в Экибастузе для разреза «Восточный».

xxx

30 апреля вынут первый ковш породы на Майкубенском угольном разрезе I очереди мощностью 6 млн тонн. Началось освоение угольного месторождения.

## МАЙ

1 мая 1987 года состоялся городской слёт рабкоров и активистов печати, по-

пасөз белсенділері мен жұмысшы корреспонденттер слеті өтті. Қалалық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы В. Удовиченко баяндама жасады.

священный 75-летию газеты «Правда». С докладом выступила секретарь горкома партии по идеологии В. Удовиченко.

ххх

1987 жылы 17 мамырда Октябрьдің 70 жылдығы мен Екібастұздың 30 жылдығына орай қалада ақындар мен композиторлар байқауы ұйымдастырылды. Байқау поэзия, композиция және авторлық ән аталымдары бойынша өтті. Ақындар арасында 1-орынды А. Пройдаков жеңіп алды, композиторлар арасында И.Киселев жеңіске жетті.

ххх

17 мая 1987 года прошёл городской конкурс самодеятельных поэтов и композиторов, посвящённый 70-летию Октября и 30-летию Экибастуза. Конкурс проходил по трём номинациям: поэзия, композиция и авторская песня. Первое место среди поэтов занял А. Пройдаков, среди композиторов – И. Киселёв.

ххх

1987 жылы 2 мамырда «Этюд» шахмат клубының (меңг. А. И. Кижеватов) жаңа ғимаратында алғашқы жарыстар өтті.

ххх

2 мая 1987 г. состоялись первые соревнования в новом здании шахматного клуба «Этюд» (зав. А. И. Кижеватов).

ххх

Екібастұз қалалық кеңесінің Солнечный кентінде бірінші кітап үкені ашылды, ол облыстық кітап саудасы жүйесінде 24-ші болып тіркелді.

ххх

В пос. Солнечный открыт первый книжный магазин, по счёту 24-й в системе облкниготорга.

ххх

Екібастұзда алғаш рет Кітапханашы күні аталып өтті. Қалада ол кезде түрлі ведомстволарға қарайтын 59 кітапхана болды, онда 114 кітапханашы жұмыс істеді. Кеншілер МС-ндағы кәсіби кітапхана базасында ардагер кітапханашылар жастар мен кітапхана ісінің жас мамандарымен кездесті.

ххх

В Экибастузе впервые проведён День библиотекаря. В городе было 59 библиотек всех ведомств, в которых работали 114 библиотекарей. В ДК горняков на базе профбиблиотеки состоялась встреча ветеранов библиотечного дела с молодёжью и начинающими библиотекарями.

ххх

«Экибастухшахтострой» комбинатының № 1 ҚҚБ-сының № 230 ЭКГ-8И экскваторы машинисі В. Новиков автосамосвалға (№ 1 автобазасының жүргізушісі В. Колесников) Майкөбе кен орнынан аршылған кеннің бірінші шөмішін артты. Осылайша, жылына 20 млн тонна көмір өндіретін қуаты бар «Майкөбе» кенішінің құрылысы басталған еді.

ххх

Машинист экскаватора ЭКГ-8И № 230 из РСУ № 1 комбината «Экибастузшахтострой» В. Новиков погрузил в автосамосвал (водитель В. Колесников из автобазы № 1) первый ковш вскрышной породы, ознаменовав тем самым начало строительства разреза «Майкубенский» проектной мощностью 20 млн т бурого угля в год.

xxx

Солнечныйда кенттің кішкентай тұрғындары жаңа туған нәрестелер салтанатпен тіркелді. Олар Арман Қожабеков пен Владимир Гринько болатын.

xxx

В поселке Солнечный торжественно зарегистрированы первые новорожденные жители. Ими стали Арман Кожабеков и Владимир Гринько.

xxx

1987 жылы 28 мамырда «Заветы Ильича» қалалық газетінің 1000-саны жарық көрді. Оқырмандар қолына газеттің мерейтойлық № 64 саны тиді. Газет беделі жыл өткен сайын артып келеді, оның таралымы 1981 жылғы 5200 данадан 1989 жылы 30000 данаға жетті.

xxx

28 мая 1987 г. под № 64 вышел 1000-й номер городской газеты «Заветы Ильича», и в этот день читатели увидели юбилейный номер газеты. Популярность газеты ежегодно растет, ее тираж вырос с 5200 – в 1981 г. до 30000 экз. – в 1989 г.

xxx

Қалада Пионерлер сарайының іргетасы қаланды. Сол жерде еңбеккерлер митингісі өтіп, оған пионерлер отрядтары да қатысты.

xxx

Торжественно заложено здание городского Дворца пионеров. На месте его закладки состоялся митинг трудящихся с участием пионерских отрядов.

## МАУСЫМ

Қалада бірінші рет Донорлар слеті өтті. Слетте айтылғандай, қан құю қалада 1949 жылдан бастап дамыса, өтеусіз донорлықтың дамуы 1957 жылдан бастау алған. Кейбір донорлар, мысалға, Б. В. Усенко мен Г. Г. Зайцев 13 жыл бойы қан тапсырып келген; сол сияқты донорлар атанған жекелеген отбасылар да бар, олар: ерлі-зайыпты Пидоричтер, Кончевтер, Красиенколар, Массоподтар, ағайынды Шебетундар, Веригасовтар.

## ИЮНЬ

Состоялся первый городской слет доноров. На слете отмечалось, что служба переливания крови начала развиваться в Экибастузе с 1949 года, безвозмездное донорство – с 1957 г. Некоторые доноры, например, Б. В. Усенко и Г. Г. Зайцев сдают кровь 13 лет подряд; донорами становятся отдельные семьи: супруги Пидорич, Корчевы, Красиенко, Массопод, братья Шебетун, Веригасовы.

xxx

Қаланың 30 жылдығына орай дәнекерлеуші Виктор Харитонович Пкин мен Екібастұз тарихының шежірешісі, Социалистік Еңбек Ері, «Экибастухшахтострой» комбинатының құбыр қалаушылар бригадирі Б. Сұтжановқа, Екібастұз стансасының тауар кассирі З.И.Марковаға «Екібастұз қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

xxx

В честь 30-летия города звание «Почетный гражданин города Экибастуза» присуждено: В. Х. Пкину – слесарю ТЭЦ; Б. Сутжанову – Герою Социалистического Труда, бригадиру трубоукладчиков комбината «Экибастузшахтострой»; З. И. Марковой – товарному кассиру ст. Экибастуз.

xxx

1987 жылы 12 маусымнан 15 шлдесіне дейін Екібастұз қалалық орталық кітапханасының көрме залында «Екібастұздың 30 жылдығына арналады» деген көрме ұйымдастырылды. Стендтерге 100-ден аса фотосуреттер мен құжаттардың көшірмелері ілініп, витриналарға газеттер, ктаптар, шахтерлердің бұйымдары, сондай-ақ жергілікті суретші А. Макаров пен павлодарлық қылқалам шебері З. Соболеваның картиналары қойылды. З. Соболева картиналарының бір бөлігін қалаға тарту етті.

xxx

С 12 июня по 15 июля 1987 года в выставочном зале Центральной городской библиотеки Экибастуза работала выставка «30-летию Экибастуза посвящается». На стендах размещено более 100 фотографий и копий документов, в витринах – газеты, книги, вещи шахтёров, а также картины местного художника А. Макарова и павлодарской художницы З. Соболевой, которая часть картин подарила городу.

## ШІЛДЕ

180 төсек орындық жаңа хирургиялық корпус пайдалануға берілді. Көмір өндірісі титулы «Экибастузуголь» ӨБ-нің медсанбөлімі аясында салынған хирургиялық корпус медициналық бірлестікке берілді. Онда хирургиялық және травматологиялық бөлімдер орналасты, алғашқы 40 төсек орындық балалар хирургиясы бөлімі ашылды, сонымен қатар 10 төсек орын нефрологиялық науқастарға бөлінді; әрқайсысы 40 төсек орындық көз және оториноларингологиялық (ЛОР) бөлімдер де жұмыс істей бастады. Барлық бөлімдер жаңа жабдықтармен қамтамасыз етілді.

## ИЮЛЬ

Введен в эксплуатацию новый хирургический корпус на 180 коек. Построенный в рамках медсанчасти ПО «Экибастузуголь», хирургический корпус передан медобъединению. В нем разместились хирургическое и травматологическое отделения, впервые в городе открыто детское хирургическое отделение на 40 коек, в том числе 10 – для нефрологических больных; оборудованы глазное и оториноларингологическое (ЛОР) отделения на 40 коек каждое. Все отделения оснащены новейшим оборудованием.

xxx

1987 жылы 28 шілде – Екібастұзда кәсіпкерлікті дамыту тарихының басталған күні. Нақ осы күні Екібастұзда 6 кооператив тіркелді. Келер күні 52 кооператив тіркеуге тұрған!

xxx

1987 год – начало истории развития предпринимательства в г. Экибастузе. Именно в 1987 году в Экибастузе было зарегистрировано 6 кооперативов. А уже в следующем – 52!

xxx

Энергоқұрылысшылардың «Ленинская искра» көптаралымды газетінің 500-саны жарық көрді. «Ленинская искра» – М. И. Ульянова атындағы сыйлықтың лауреаты, КСРО журналистер одағының дипломан-

xxx

Вышел 500-й номер многотиражной газеты энергостроителей «Ленинская искра».

«Ленинская искра» - лауреат премии им. М. И. Ульяновой, дипломант Союза журна-

ты – жұмысшылардың мүддесін қорғаған нағыз мінбер болды.

### ТАМЫЗ

1987 жыл, 29 тамыз. Шахтер күні Екібастұз қаласы құрылған 1957 жылдан бері осы күнге дейін Ленин даңғылында орын тепкен кен балға ұстаған шахтер бейнесі сомдалған ескерткіш қалалық мәдениет және демалыс саябағына көшіріліп әкеліп, орнатылды.

### ҚЫРКҮЙЕК

Екібастұз ауданындағы алғашқы кооператив 1987 жылы 15 қыркүйекте тіркеуге алынды. Бұл аудан көлемінде тұрмыстық қызметтер көрсететін «Новинка» кооперативі болатын.

ххх

Жаңа №15 орта мектепте (директоры А. В. Дудкин) оқу жылы басталды. 1568 оқушыға арналған мектеп ғимаратында (Ленин к-сі, 103) екі спорт зал, 360 орындық асхана, жүзу бассейні, жарық әрі кең кластар мен оқу кабинеттері бар.

Жаңа мектепті «Экибастузшахтастрой» комбинаты салды. Сондай-ақ Солнечный кентінде 1176 балаға арналған жаңа № 16 орта мектеп (директоры С. С. Жылқыбеков) бой көтерді, оның құрылысын энергоқұрылысшылар жүргізді.

### ҚАЗАН

1987 жылы қазан айында 2-МАЭС-ның бірінші биіктігі 420 метр түтін мұржасының бетон іргетасы қаланды. Алып мұржаны табысты орнатуға бірегей жабдықтар мен жаңа технологиялар сеп болды. Мұржаның ен бойы мен оның негізін қалауға 32 мың куб. метрден аса бетон пайдаланылды.

листов СССР – стала по-настоящему рабочей трибуной.

### АВГУСТ

29 августа 1987 года. В День шахтёра в парке культуры и отдыха был установлен памятник шахтёру с отбойным молотком, перенесённый сюда с проспекта им. Ленина, где он стоял с 1957 года, со дня образования города Экибастуза.

### СЕНТЯБРЬ

Первый кооператив в Экибастузском районе был зарегистрирован 15 сентября 1987 г. Это – кооператив «Новинка», который оказывал бытовые услуги населению района.

ххх

Начались занятия в новой средней школе № 15 (директор А. В. Дудкин). Здание школы, рассчитанное на 1568 учащихся (ул. Ленина, 103), с двумя спортивными залами, столовой на 360 мест, плавательным бассейном, просторными светлыми классами, учебными кабинетами возведено комбинатом «Экибастузшахтострой».

Одновременно открылась первая в пос. Солнечный средняя школа № 16 на 1176 учащихся (директор С. С. Джилкибеков), здание школы возведено энергостроителями.

### ОКТЯБРЬ

В октябре 1987 года завершена укладка бетона на сооружении первой дымовой трубы ГРЭС-2 высотой 420 метров. Успешному сооружению гигантской трубы способствовало применение уникального оборудования и новейшей технологии. В тело трубы и ее основание уложено свыше 32 тыс. куб. м. бетона.

ххх

7-ші және 14-ші Северный шолақ көшелеріне Ә. Шәріпов пен В. Ф. Гаврюшиннің есімдері берілді. Кеншілер әулетінен шыққан, «Экибастузшахтастрой» комбинатының шахта үңгушілер бригадирі Әди Шәріпов Екібастұзда бірінші КСРО Жоғарғы кеңесіне депутат болып сайланған, «Қазақ КСР-не еңбегі сіңген шахтер» атағының иегері, бірнеше рет майдан және еңбек наградаларымен марапатталған. В. Ф. Гаврюшин – ғылым мен техника саласы бойынша КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ленин орденінің иегері, «Шахтер даңқы» белгісінің толық иегері.

## ҚАРАША

2 қарашада «Экибастузуголь» ӨБ-нің «Майкөбе» кенішінде қоңыр көмірді өндіру басталды. № 5218 ЭКГ-4у экскаваторының машинисі А.М.Кривцов 30 тонналық БелАЗ көлігіне (жүргізушісі В. Т. Пастухов, «Экибастузшахтострой» комбинатының № 1 автобазасынан) бірінші өндірілген Майкөбе көмірін артты.

ххх

